

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 191 (9509) ||

1954 жылғы 25 сентябрь Сенбі

Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

АСТЫҚ ДАЙЫНДАУДА ОЗАТТАРҒА ТЕҢЕЛЕЙІК!
3. Мұхамеджанов. — Табысқа табыс ұластырамыз.
И. Волченков. — Дайындау орындарының жұмысы нашар (1-бет).
Арылшын ғалымы және қоғам қайраткері Джон Берналға халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру (1-бет).
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Б. Петров. — Лекциялық насихаттың маңызды міндеті (2-бет).
Ертеде басылған кітаптардың бай коллекциясы (2-бет).
Ф. Новалев. — Мал санағын тыңғылықты өткізу — мемлекеттік маңызы зор іс (2-бет).

Я. Бельсон. — Қытай халқының өміріндегі ұлы оқылға (2-бет).
В. Прокофьев. — Ғылым және дін (3-бет).
С. Әлімов. — А. И. Микоян атындағы ет комбинатында (3-бет).
А. Богер. — Колхозға барғанымызда (3-бет).
М. Запорожец. — Жұмысшылардың денсаулығы жөнінде қамқорлық (3-бет).
Ж. Мұқанов. — Ауыл шаруашылығы үшін маман кадрлар. (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыс

Адамзат тарихында жаңа дәуір ашып, елімізде социализмнің салтанат құруын қамтамасыз еткен Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі жақындап келеді.

Бүкіл совет халқымен бірге біздің облысымыздың еңбекшілері де Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, өздерінің өндірістік және саяси белсенділіктерін арттыра түсуде. Жылдық өндірістік программаны орындауда елеулі табыстарға жетіп, даңқты мерекені лайықты тартулармен қарсы алу жолындағы социалистік жарыс, әсіресе облыстың өнеркәсіп орындарында өзінің игі нәтижесін беріп отыр. Бұл жарыста қаланың көптеген өнеркәсіп орындары елеулі табыстарға ие болды. Мәселен, шойын құю-ғаразы заводы (директоры Петров жолдас), темекі фабрикасы (директоры Журавлев жолдас), «Кожхимик» артелі (председателі Черников жолдас), сыра заводы (директоры Оразов жолдас) және басқалары сегіз айлық өндірістік программаны мерзімінен бұрын артығымен орындап шықты. Аталған кәсіпорындары өндірген өнімдердің сапасы да жоғары.

Жарыстың мақсаты — артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына шығарып, жаншай өрлеу туғызу. Олай болса, социалистік жарыста коллективтің барлық мүшелерінің, барлық кәсіпорындарының жұмысты үздік істеп, жаңа табыстарға ие болуын қамтамасыз ету — ең басты міндет болып табылады. Алайда облысымыздың барлық кәсіпорындары бірдей өндірістік программаларын кезінде, табысты орындап жүр деп айта алмаймыз. Тұрасын айту керек, облысымызда, әсіресе қалада өндірістік жоспарларын орындай алмай, сапасыз өнім шығарып жүрген кәсіпорындары аз емес. Былғары заводы өткен жылдары, үстіміздегі жылдың алғашқы айларының өзінде өндірістік тапсырмаларды орындауда, шикізатты, мемлекеттің ақша қаражатын, отынды, электр қуатын үнемдеуде және мінезі саналы өнім шығарып, өнімнің өзіндік құнын кемітуде алдыңғы қатарлы кәсіп орындарының бірінен саналып келді. Ал, кәзір мұнда жағдай мүлде басқаша болып отыр. Фабрика басшылары (директоры Шульжикский, партия ұйымының секретары Бесов жолдасар) қол жеткен нәтижеге қанағаттанбай, коллектив не бол-

қоғамдық малды қыстатуға тыңғылықты әзірленуде елеулі табыстарға жетті. Мұндай шаруашылықтардың қатарына Киров атындағы, Мамлют, Тоқшын совхоздарын, Петропавл ауданындағы «Луч Ленина», Пушкин атындағы, Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артельдерін және басқаларын қосуға болады. Бұл шаруашылықтар егін жыйнауды кезінде бысырал-сыз аяқталып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Сонымен бірге, олар мал қыстатуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленді.

Алайда, облыс бойынша астық дайындау және мал қыстатуға әзірлік сыяқты аса маңызды ауылшаруашылық жұмыстарының жейіліне артта қалып отырған. Оның мейлінде ауымыз керек. Облысымызда бірде-бір аудан әлі күнге дейін астық дайындау жоспарын орындаған жоқ. Осы фактінің өзі-ақ облыста астық дайындау жұмысының ойсыраған оқалыққа ұшырағандығын айқын дәлелдейді. Астық дайындауда, әсіресе, Соколов, Ленин, Преснов және Октябрь аудандары мейлінше артта қалды. Октябрь және Соколов аудандарында егін өру жұмысының өзі әлі күнге дейін толық аяқталған жоқ. Октябрь ауданының басшылары (ҚКП аудандық комитетінің секретары Патютко, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Мусин жолдасар) «егін жыйнау мен астық дайындау жұмысын аяқтауға ауа райының қолайсыздығы бөгет жасалып отыр» деген бөгде себепті бетке ұстап, колхоз, совхоздар мен МТС басшыларына жұмысты жедел қарқынмен жүргізуді қамтамасыз етуді қатаң талап ете алмай, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің кейбір керенау басшыларының ықпалына түсіп отыр.

Мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындау — әрбір колхоз, совхоздың бірінші парызы. Олай болса, аудандық партия комитеттері, Совет атқару комитеттері, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің бастауыш партия ұйымдары егіншілер мен механизаторлардың Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыстағы өндірістік және саяси белсенділігін бастай білуге, оларды астық тазалау, дайындау орындарына астық тасу жұмыстарында күндіз-түні жанқиярлықпен еңбек етуге жұмылдыра білуге міндетті. Ауа райының қолайсыздығы қырымдарда астық тазалау, дайындау орындарына астық та-

Астық дайындауда озаттарға теңелейік!

Табысқа табыс ұластырамыз

Біздің совхоздың механизаторлары мен жұмысшылары егіншіліктің мәдениетін арттыру негізінде астық өндірісін шұғыл өркендету күресінде айтарлықтай табыстарға ие болып келеді. Совхоз көлемгі егіс жұмыстарын табысты аяқтаған болатын. Мұның өзі совхозда біткіс егін өсірілуін қамтамасыз етті.

Совхоз партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін егінді ырапырған жыйнап алуға жұмылдырды. МТС дирекциясы, партия, кәсіподақ ұйымдарының көмегімен комбайн агрегаттарының құрамын техниканы жақсы меңгере білген механизаторлардан толықтырып, әр бөлімшеде егін жыйнаудың тыңғылықты ұйымдастырылуына жетісті.

Рас, егін жыйнаудың алғашқы күндерінде кейбір кемшіліктерге жол берілді. Ол кемшіліктердің ең негізгісі — транспорттың жеткіліксіздігінен комбайн агрегаттарының тоқтап тұрушылығы болды. Партия, кәсіподақ ұйымдары және совхоз дирекциясы бұл кемшіліктерді жоюдың жедел шарасын жүзеге асырды. Әрбір комбайн агрегатында еңбек дұрыс ұйымдастырылып, комбайндардың қуаты егін жыйнауға неғұрлым тиімді пайдаланылды.

Көптеген механизаторлар егін жыйнауда үздік табыстарға ие болды. Комбайншы Пудовкин жолдас коллективтің зор құрметіне бөленді. Ол 21 сменада бір «Сталинец-6» комбайнымен 435 гектар егін жыйнап, 114 килограмм жанар май үнемдеді. Комбайншы Вальдер жолдас та осындай көрсеткішке ие болды.

Комбайн бункерлерінен қырымдарға астық тасушылар Жұсыпов, Крестянин, Дечебаев жолдасар еңбекке өнеге көрсетті. Астық тазартушылар Моисеева, Ботчук, Поэта, Арещук жолдасар астық тазартатын зерноуальстен күн сайын 600-700 центнер астық тазартып отырды.

Коллектив мүшелерінің егін жыйнауда, астық тазартуда қажырлы еңбек етулері совхозда егін жыйнаудың қысқа мерзімде аяқталуына, мемлекет алдындағы бі-



Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ұсынуы бойынша, егін жыйнауда үздік алда болып, жақсы көрсеткіштерге жеткен мына комбайншылар облыстық ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылды:

АКИМЦЕВ Михаил — Образцовая МТС-нің комбайншысы, 25 жұмыс күні ішінде «Сталинец-6» комбайнымен 567 гектар дөңді дақыл жыйнады.

КОКАРЕВ Дмитрий Анисимович — Образцовая МТС-нің комбайншысы, 30 жұмыс күні ішінде «Сталинец-6» комбайнымен 624 гектар егін жыйнады.

ГРЯЗНОВ Иван Григорьевич — Асанов МТС-нің комбайншысы, 30 жұмыс күні ішінде «Сталинец-6» комбайнымен 548 гектар егін жыйнады.

ЛЕВЛЮХ Петр Яковлевич — Асанов МТС-нің комбайншысы, 27 жұмыс күні ішінде «Сталинец-6» комбайнымен 600 гектар егін жыйнады.

СУРАГАНОВ Құрманғали — Баян МТС-нің комбайншысы, 25 жұмыс күні ішінде «Сталинец-6» комбайнымен 577 гектар егін жыйнады.

БАЛМЫКОВ Иван Карпович — Баян МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері, 24 жұмыс күні ішінде «Сталинец-6» комбайнымен 520 гектар егін жыйнады.

КЕЛЬ Иван Александрович — Петропавл МТС-нің комбайншысы, 27 жұмыс күні ішінде «Сталинец-6» комбайнымен 664 гектар егін жыйнады.

Дайындау орындарының жұмысы нашар

Колхоздар мен совхоздарда егін жыйнау мемлекеттік сатып алу орындарына астық өткізу жұмыстарын тез аяқтау мақсаты мен облысымыздың механизаторлары, колхозшылары еңбек өрлеуін үдете түсуде. Олар бұл іске комбайндардың, автомобилдердің, астық тазалағыш механизмдердің өнімді пайдалануда. Оның үстіне туысқан

Күні бойы өз кабинетінде отырып, қабылдау пункттерінің, элеваторлардың меңгерушілерімен директорларына үсті-үстіне телеграммалар мен бұйрықтар жіберумен істі тындырады. «Заготзерно» мекемесі басшыларының бейғамдыққа, жауапсыздыққа салынуларының ақыры облыста астық дайындаудың қарқынды жүргізілуі-

Астық дайындау қызу жүргізілуде

Приеміш ауданындағы «Образцовый» колхозының егіншілері дөңді дақылдарды жыйнауды аяқтады. Егінді тез және сапалы жыйнауда, әсіресе, бұл колхозда жұмыс істейтін Ленин атындағы МТС-тің механизаторлары өнімді еңбек етті. Мәселен, МТС-тің қарт комбайншысы А. Педяш жолдас «Сталинец-1» комбайнымен күн сайын 25—30 гектар егін жыйнады. Сол сыяқты, басқа да комбайншылар күндік тапсырмаларын үнемі толық және асыра орындап келеді.

Колхозшылар бастырылған астықты қолма-қол тазартып, кентіруге қолда бар астық тазартқыш, кентіргіш машиналардың қуатын тиімді пайдалануды ұйымшылдықпен жүргізді. Астық тазартуда жұмыс істейтін З. Макаренко, З. Литвененко, В. Бабиц, М. Шолох, тағы басқа жолдасар сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындауға жетісті. Олар қырымдарда астықты жоғары сапада тазартып қана қоймай, сонымен бірге, тазартылған астықты дайындау пункттеріне жөнелтуде де қажырлы еңбек етті. Жүк автомашиналарына астық тиеу жұмысының механизацияландырылмағанына қарамастан, олар қырманға келген машиналарға астықты тез тиеп, ол машиналарды тоқтаусыз жөнелтіп отырады.

Мемлекеттік дайындау пункттеріне астық тасуда осы колхозда жұмыс істейтін Боголюбово авторотасының шоферлары Приходко, Рузайкин, Васильченко жолдасар астық тасу жөніндегі алған көтеріңкі міндеттемелерін аброймен орындап жүр. Олардың әр қайсысы колхоз қырманнан 40 километр қашықтықтағы дайындау пунктіне тәулігіне 200—250 центнер жеткізеді. Колхозшылардың және механизаторлардың осындай өнімді еңбек етуінің нәтижесінде колхоз мемлекетке міндетті түрде астық тапсырудың, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеудің жоспарларын орындауға жуық.

Я. КУЗНЕЦОВ.

ған өндірістік табыстың баянды болуын қамтамасыз ете алмады. Фабрика соңғы 2—3 ай бойы өндірістік тапсырмасын үнемі орындай алмай, сапасыз өнім шығаруға ұшырап отыр.

Ет комбинаты, № 1 кірінін заводу, «Комсомолка» тігін фабрикасы сияқты кәсіпорындары да өткен 8 айлық өндірістік программаны орындай алмады. «Комсомолка» тігін фабрикасы жөнінде айрықша тоқтала кету керек. Өйткені, бұл фабрика тың жер игерушілер үшін жылы киімдер мен басқа да киім-кешектер тігуіне тиіс. Фабрика директоры Ермолин және партия ұйымының секретары Иванченко жоспардың бұл сияқты құрметті заказдың мерзімінен бұрын орындауын қамтамасыз ете алмауы олардың мекемелер алдындағы жауапкершілігін естен шығаруы деуіміз керек.

Өнеркәсіп орындарының коллективтері жылдық өндірістік программаны мерзімінен бұрын орындау, өнімнің өзіндік құнын кеміту және өнім сапасын жақсарту беру үшін Октябрь мерекесі құрметіндегі социалистік жарысқа ұшпасуы. Партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, шаруашылық басшылары жұмысшылардың бұл игі мақсатты социалистік жарысын бастай біліп, оларды әрбір кәсіпорнының алдында тұрған нақты міндетті жүзеге асыруға белсене жұмылдыруға міндетті.

Өндірістік жоспарды орындау — әрбір кәсіпорнының негізгі көрсеткіші. Сондықтан кәсіпорнының барлық күш-мүмкіншілігі мен ішкі резервтері осы міндетті табысты орындауға жұмылдырылуы керек. Ал, әрбір кәсіпорнында ондай міндетті ойдағыдай орындауға қажетті күш-мүмкіншіліктер мен резервтер жеткілікті. Мәселе — оларды іздестіріп тауып, іске қоса білуде.

Облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері де Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұшпасуы, егін даласында және мал фермаларында қажырлы еңбек етуде. Рас, алдыңғы қатарлы шаруашылықтар егін жыйнау мен астық дайындауда,

суға бөгет бола алмайды. Табыс кілт — қырмандарда астық тазалайтын машиналар мен құралдары өнімді пайдаланып, астық тасуға автомобиль транспорты мен көлік күшін түпел қосуда, бұл жұмыста барлық егіншілер мен механизаторлардың қажырлы еңбек етуін қамтамасыз етуде болып отыр. Жұмысты осылай ұйымдастырғанда ғана мемлекетке астық тапсыру жоспарының таяу күндерде орындалуына жетісуге болады.

Қыс түсуге онша көп уақыт қалған жоқ. Осыған қарамастан облыстың көптеген колхоздары мен совхоздары мал қыстатуға әлі де толық әзірленбегендігі мәлім. Жергілікті партия, совет, ұйымдары мен колхоз, совхоз басшылары әрбір ферманың мал қыстатуға барлық жағынан тығыздықты әзірленуін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануға міндетті.

Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұшпасуы, міндеттеме алумен ғана не бітпейді. Ең негізгі міндет — алынған міндеттеменің аброймен орындалуына жетісу. Партия комитеттері, бастауып партия ұйымдары мен кәсіподақ ұйымдары коллективтің әрбір мүшесінің жарысқа ұшпасуы, нақты міндеттеме алуына және ол міндеттемені күнбе-күн орындап отыруына жетісуге, бұл жөнінде қажырлық жасап, көмек көрсетіп отыруға міндетті.

Социалистік жарыс озаттарының жұмыс тәжірибелерін көпшілікке таратып, насихаттау — табысқа жетудің басты шарттарының бірі. Партия ұйымдары, үгітшілер жарыс озаттарының жұмыс тәжірибелерін қабырға газеттері, жауынгерлік листовкалар арқылы және өңгіме өткізу арқылы насихаттап, көпшіліктің игілігіне айналуына жетісуге тиіс.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының даңқты 37 жылдық мерекесі жақындап келеді. Шаруашылықтың барлық саласында Октябрь қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, даңқты мерекені лайықты өндірістік тартулармен қарсы алайық!

Ағылшын ғалымы және қоғам қайраткері Джон Берналға халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру

23 сентябрде, Кремльдің Свердлов залында көрнекті ағылшын ғалымы және қоғам қайраткері Джон Берналға «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлық тапсырылды.

Халықаралық Сталиндік сыйлық жөніндегі Комитеттің председателі академик Д. В. Скобельцын қысқаша сөз сөйлеп, Джон Берналдың сіңірген еңбегін сыйпаттап берді. Ол, совет жұртшылығы профессор Джон Берналды көрнекті ғалым және белгілі қоғам қайраткері, бейбітшілік ісін және халықтар арасындағы достықты нығайту жолындағы қажырлы күрескер деп біледі.

ССРО Ғылым академиясы президиумының мүшесі академик А. И. Опа-

рин Москваның М. В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетінің ректоры академик И. Г. Петровский, КБОС-тың секретары, совет әйелдерінің антифашистік комитетінің председателі Н. В. Попова, Москваның Бауман атындағы жоғары техникалық училищесінің студенті В. И. Стрельцев құттықтау сөз сөйледі. Олар лауреатты наградасымен қызу құттықтап, оның бейбітшілік үшін, Англия мен Совет Одағы халықтарының арасындағы өзара ұғынысушылық пен достықтың дамып беруі үшін күресте жаңа табыстарға жетуіне тілек білдірді.

Халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты профессор Джон Бернал жауап сөз сөйледі.

(СОТА).

асыра орындап шығуға мүмкіндік берді. Совхоз коллективі қол жеткен табысты баянды ете отырып, ауылшаруашылық жұмыстарының барысында бұдан да зор көрсеткіштерге ие болады.

Кәзіргі уақытта коллектив мүшелері мал қыстатуға әзірлік, зябь жырту, тұқымдық дәнді тазарту жұмыстарын кеңінен өрістетуде. Олар бұл жұмыстарды да табысты аяқтайды.

3. МҰХАМЕДЖАНОВ,


Тоқшын совхозы жұмысшылар комитетінің председателі.

Озат трактор бригадалары

Торангүл МТС-нің № 14 трактор бригадасы Ленин атындағы колхозда тың жер жырттып жүр. Бригада құрамы түгелдей комсомолец-жастар бұл бригаданы Александр Федоров Финк жолдас басқарады. Бригадаға қолда бар 5 «ДТ-54» және 1 «С-80» тракторымен 2300 гектар тың және тыңайған жер жырту тапсырмасы берілген еді. Кәзір ол тапсырма 2450 гектар болып асыра орындалды. Зябь жырту жоспары да 135 процентке жеткізіліп, 7 мың килограмм жанар май үнемделді.

Комсомол мүшелері В. Нилов, А. Халезов, В. Кочкин жолдастар бригадала үздік алда келеді. Олар күндік тапсырмаларын асыра орындау нәтижесінде ай сайын 1800-2000 сом айлық алып жүр. Кәзір бұл бригада өздерінің қажырлы еңбектерімен МТС көлемінде бірінші орынға шығып отыр.

Т. ЕСЕНОВ.



Ақмола облысындағы жаңадан ұйымдастырылған Свободный астық совхозында тұрғын және шаруашылық құрылыстары кең өріс алған. Кәзірдің өзінде 45 тұрғын үй, асхана, нан пісіретін және монша үйі салынды. Механикалық мастерской, контор мен клуб үйлері салынып жатыр. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

дан ауыл шаруашылығының көптеген мамандары: комбайншылар, тракторшылар шоферлар келіп, еңбек істеуде. Мемлекеттік қабылдау пункттеріне элеваторларға күні-түні бірдей лек-лек ағылған автомобильдер астықпен келуде.

Алайда, көптеген пункттерде, соның ішінде әсресе, Петропавл, Мамлют элеваторларында астық қабылдау жұмысы өте нашар. Астық артып келген машиналар бірнеше сағат бойы астықтары кезінде қабылданбағандықтан кезек күшіп қарап тұрады. Элеватор қоймаларын тез босатып, астықты вагондарға тиеу жұмысы да өте қанағаттанғысыз болып отыр. Қабылдау пункттері мен элеваторлардың нашар жұмыстары олардың басшыларына әбден белгілі. Бірақ олар жұмысты тәртіпке келтіріп, астық қабылдау ісін жолға қоймай ақ келеді. Мұның өзі қырмандардағы астықтардың элеваторлар мен қабылдау пункттеріне тез тасылғанына кедергі жасауда.

Облыстық «заготзерно» мекемесін басқарушы Т. Букат жолдас қабылдау пункттері мен элеваторлардың осындай кемшіліктерін біле отырып, оларға нақтылы басшылық жасамай келеді. Букат жолдас элеваторлар мен қабылдау пункттерінде өте сирек болады. Ондағы жұмыстың қайыс-жетек таныспайды. Орын алып отырған кемшіліктерді жоюдың жедел шараларын қолданбайды. Оның басшылық стилі кеңседе отырып, телефон арқылы сөйлесу, құшақ-құшақ қағаздар жазу. Букат жолдасының орынбасары Т. Гафуров жолдас та дәл осы дағдыдан алыс ұзап кетпеген.

не елеулі нұқсан келтіруде.

Астық дайындауда, мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруда. Дайындау министрлігінің облыстық және аудандық мекемелерінің қызметкерлері де шепші роль атқарады. Олар әрбір колхоздың және совхоздың астық дайындау жөніндегі бескүндік тапсырманы мұлтіксіз орындаулары қатаң талап етуде, мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру, сату жоспарларын әрбір шаруашылықтың айда-айға толық орындап отыруына жетісуге міндетті. Бірақ, дайындау министрлігі облыстық басқармасының қызметкерлері бұл ардақты міндетті орындай алмай келеді. Олар жергілікті жерлерде оқта-текте ғана болады. Ал, басқарма бастығы Махначев жолдас Дайындау министрлігінің аудандық өкілдерінен ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі жоспарлардың толық орындалуын талап етпейді.

Облыстық дайындау мекемелерінің қызметкерлерінің міндеті — ауылшаруашылық өнімдерін көптеп дайындау, пункттер мен элеваторларға келген астықты тоқтаусыз қабылдауды қамтамасыз етіп отыру, мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру және сатып алу жоспарларының облыста толық жоспарларының облыста толық орындалуына жетісу болып саналады. Олар бұл құрметті орындап шығуға тиіс.

И. ВОЛЧЕНКОВ,

Дайындау министрлігі инспекциясының бас инспекторы.

ауылшаруашылық артелінде үстіміздегі жылы бітік егін өсірілді. Бұл егінді жыйнауға артель мүшелері мен МТС механикаторлары алғашқы күннен бастап жамбыл әзірлікпен кірісті. Егін жыйнауы қысқа мерзімде аяқтау жолында бригадалар өзара социалистік жарысқа түсіп, көтеріңкі міндеттемелер алған болатын. Жарыстың қорытындысында К. Мұхамеджанов жолдас басқаратын № 2 дала бригадасы үздік алда болып, егін жыйнау жұмысын басқалардан бұрын аяқтады.

Бұл бригадала егін жыйнау жұмысының тез аяқталуына егіншілердің социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындау күресіне бар күш-мүмкіншіліктерін жұмылдырғандықтары негізгі себеп болды. Бригадада астық бастыру мен тазарту жұмыстары ауа райының қолайсыздығына қарамастан күні-түні бірдей жүргізілді. Соның нәтижесінде бұл бригадала егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруды басқа бригадалардан бұрын орындады. Бригада коллективі кәзірдің өзінде ғана мемлекетке 24 мың пұт астық өткізіп 12 мың пұт астықты тұқым қорына құйды.

Кәзір бұл бригаданың мүшелері, басқа дала бригадаларына көмектесуде. Олардың ішінде ерекше көзге түсіп, күндік жұмыс нормаларын артығымен орындап жүргендер колхозшылар Ө. Омаров, А. Қопанов, К. Досмұқанов, Қ. Байсалбаев жолдастар. Бұл бригада егіншілері алғашқы авансқа ондаған пұт астық алды.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Лекциялық насихаттың маңызды міндеті

Партия оқуы жүйесіндегі сабақтардың басталуына аз-ақ күн қалды. Өткен жылдармен салыстырғанда быйылғы жылы партия оқуының кейбір ерекшеліктері бар. Мәселен, еріктілік принципінің сақталуына байланысты коммунистердің саяси оқуының ролі күшейді. Үстіміздегі жылы марксизм-ленинизм теориясын өздігінен үйренетін коммунистердің саны көбейді.

Сондықтан оларға көмекті күшейту, ең алдымен лекциялық насихатты жақсарту міндеті қойылып отыр. Лекциялық насихат өздігінен үйренушілерге көмектің маңызды бір түрі болып табылады. Партия ұйымдары насихат жұмысының бұл саласына ерекше назар аударуы керек.

Облысымыздың партия ұйымдарының партия оқуы жүйесінде лекциялық насихат жұмысын жүргізуде едәуір тәжірибесі бар. Өткен жылы марксизм-ленинизм теориясын өздігінен үйренуші коммунистерге Совет, Булаев, Мамлют аудандарында айтарлықтай көмек көрсетілді. Бұл аудандардың штаттан тыс лекторлары СОБП тарихы, философия, саяси экономия, халықаралық жағдай және ауыл шаруашылығы экономикасының мәселелері жөнінде лекциялар оқыды. Бұл лекциялардың көпшілігі партия ұйымдарының практикалық жұмыстарымен тығыз байланысты болды.

Алайда, партия оқуының мектеп және үйірме түрлеріне әуестенушілік партия комитеттерінің лекциялық насихатқа көңіл аударуын әлсіретті. Марксизм-ленинизм теориясы жөнінде лекциялар циклінің оқылуы аз қолданылды. Өздігінен үйренушілерге арналған лекциялар сирек, коммунистердің тілегі ескерілмей оқылды. Көзір мұндай кемшіліктерді жойып, лекциялық насихатты мықтап жақсарту қажет болады.

Бұл үшін не істеу керек?

Ең алдымен өздігінен үйренушілерге көмектің СОБП тарихы, саяси экономия, философия, ауыл шаруашылығының және өнеркәсіптің экономикасы, халықаралық жағдай мәселелері жөнінде лекциялар циклін ұйымдастыру сияқты түрлерін пайдалану қажет. Саяси әдебиетті үйренуге жақын ғана кіріскен коммунистер үшін марксизм-ленинизм және ағымдағы саясат мәселелері жөнінде жалпыға түсінікті лекциялар ұйымдастыру қажет. Бұл лекцияларда марксизм-ленинизм теориясы, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатының аса маңызды мәселелері өте түсінікті және қарапайым тілмен баяндалуы керек. Бірақ, жалпыға түсінікті дегенді тым қарапайым түрде ұғынуға болмайды. Қандай лекция болмасын идеялық-теориялық жағынан терең мазмұнды болуға тиіс. Жалпыға түсінікті лекцияларды оқуды бастаушы партия ұйымдарының лекторларында ұйымдастыру керек.

Жоғарыда көрсетілген лекциялардан басқа өте күрделі теориялық мәселелер жөніндегі лекцияларды үйірмелерде оқуға болады.

Лекцияларда В. И. Лениннің марксизм-ленинизмді творчестволықпен дамытудағы көрнекті ролін, социализм және коммунизм орнатудың лениндік қағидаларын, Совет мемлекеті, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы, халықтар достығы және марксизм-ленинизм теорияның басқа да маңызды қағидаларын кеңінен, айқын баяндап отыру керек.

Советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың ұлы артықшылықтарын, коммунистік құрылыстың перспективаларын, социализм, бейбітшілік және демократия лагерінің мызғымас бірлігін жан-жақты көрсетіп, империализм лагерінің идеологиясы мен саясатын үнемі әлсіретіп отыру қажет. Марксизм-ленинизм және ағымдағы саясат мәселелеріне арналған жалпыға түсінікті лекциялардың цикліне коммунистердің саяси білім негіздерін меңгеруіне көмектесетін тақырыптар енгізіледі және олар бірнеше жыл оқытылатын болады.

Тыңдаушыларға лекциялардың бәрін бірдей оқуға тырыспау керек. Лекциялар циклін ұйымдастырғанда коммунистердің тілегімен санау қажет болады. Әрбір лекция қызықты, тыңдаушылардың назарын аударарлықтай болуға тиіс.

Қалалық және аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының лекторийларында жалпыға түсінікті лекцияларды тек марксизм-ленинизм және ағымдағы саясат мәселелері жөнінде ғана оқымай, сонымен бірге, өнеркәсіп орындарының экономикасы, өнеркәсіп өндірісінің техникасы мен технологиясы, агро-техника, зоотехника және социалистік ауыл шаруашылығын механизандыру мәселелеріне арналған тақырыптарға да оқу керек. Міне, осының бәрі коммунистердің өндірістік мамандығын, саяси дәрежелерін арттыруға көмектеседі. Өздігінен үйренуші село коммунистеріне пәрменді көмек көрсету үшін МТС-тер мен совхоздарда да қосымша лекторийлар ұйымдастырған жөн.

Өткен жылдары бірқатар аудандарда партия оқуы жүйесінде болған ірі кемшілік аудандық партия комитеттерінің штаттан тыс лекторлар тобының жұмысты нашар істеуінен болды. Мынадай да жағдайлар кездесті, оқу жылы басталғанда лекторлар әлі де іріктеліп алынбағандықтан, лекциялар дайын болмады. Көзір кейбір аудандық партия комитеттері мұндай елеулі кемшілікті жоюға бағытталған бірқатар шаралар қолданды. Лекторлар тобының құрамы іріктеліп, олар бюро мәжілістерінде бекітілді. Әрбір лектор белгілі мерзімде лекциялар дайындауға тапсырмалар алды. Мысалы, ҚКП Мамлют аудан

дық комитетінің қызметкерлері жұмысты осылай бастады. Штаттан тыс лекторлар тобы Октябрь, Совет, Полудень аудандық партия комитеттерінде ұйымдастырылды. Алайда, басқа аудандарда бұл жұмыс әлі қолға алынбай отыр. Соколов, Ленин, Колюхов аудандық партия комитеттерінің жанындағы лекторийларда оқылатын лекциялар циклі осы күнге дейін белгіленбеген. Мұндай жағдайда өздігінен үйренуші коммунистердің жақын арада қажетті көмек ала алмайтындығы мәлім.

Егер лектор, насихатшы дайлығы мол және өз ісін сүйетін болса ғана өзіне тапсырылған міндеттерді ойдағыдай орындай алатын болады. Лекторларды іріктеуде ең алдымен осыны ескеру керек.

ҚКП Ленин аудандық комитетінің штаттан тыс лекторлар тобының құрамына аудандық комитет қызметкерлерінің тіпті бәрі дерлік, олардың ішінде 6 секретарь-да тартылған. Ал, ауданда штаттан тыс лектор ретінде жұмыс істеуге білім бар және қабілетті коммунистер болса да, мұнда бұл жағдаймен санаспаған.

Лекциялық насихатқа үлкен мұқтаждық лекциялардың сапасына ерекше назар аударуды талап етеді. Ал лекцияның сапасы лекторлардың өзіне байланысты. Сондықтан лекторлармен жұмыс істеу, оларға көмек көрсетіп отыру партия ұйымдарының маңызды міндеті болып табылады. Көпшілік алдында оқуына аз ғана уақыт қалғанда лекторға лекция дайында деп тапсыру жақсы нәтиже бермейді. Алайда, мұндай жағдай әлі де орын алып отыр. Мазмұнды лекция дайындау үшін көп жұмыс істеу қажет болады. Мүмкін бұған үш-төрт күн емес, тіпті екі-үш апта қажет болар. Лекциялардың сапасы үшін күресуде лекциялардың тектін талқылау, жолдастық пікір айтудың елеулі маңызы бар.

Партия ұйымдарының лекциялық насихаты тек партия оқуы жүйесінде лекциялар оқумен ғана тынбауы керек. Лекциялық насихатты, ғылыми-жаратылыс білімдерді, әсіресе ғылыми-атеистік насихатты жергілікті халық арасында кеңінен өрістетуге қажет. Лекцияларды колхоз, совхозтар мен МТС-терде көбірек оқу керек. Лекциялық насихатқа село интеллигенциясын кеңінен тарту қажет болады. Аудандық партия комитеттері саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамның аудандық филиалдарының жұмысына бақылауды күшейтуге тиіс. Ал, МТС-тер мен совхоздардағы лекторийлар селодағы лекциялық жұмыстың орталығы болуы керек.

Партия оқуының табысты болуы, көбінесе лекциялық насихаттың дәрежесіне байланысты екенін ұмытуға болмайды.

Б. ПЕТРОВ.

ҚКП облыстық комитетінің лекторлар тобының жетекшісі.

Ертеде басылған кітаптардың бай коллекциясы

ИВАНОВО, 22 сентябрь. (СОТА). Облыстық өлкеетану музейінің қызметкерлері ертеде басылған кітаптар мен қолжазбалардың қорын бір жүйеге келтіру ісін аяқтап келеді. Онда он мың томға жуық кітаптар, 700-ден аса қолжазбалар, сол сияқты көптеген толып жатқан альбомдар, географиялық карталар мен атластар бар. Олардың арасынан ескі славян, орыс, латын, грек, еврей, араб және басқа тілдерде жазылған ертеде басылған кітаптар мен қолжазбаларды жездестіруге болады.

Мұнымен бірге, музейде Ярославльдегі бұрынғы Спасок монастырынан алынған XIV ғасырдағы қолжазба евангелие, орыстың бірінші баспашысы Иван Федоров басып шығарған «Апостол», «Острог библиясы» және «Новый завет», Симон Полоцкийдің «Псалтырі» және көптеген басқалары сияқты сирек кездесетін кітаптар сақталуда. Гомердің, Вергилийдің, Дантениң мәңгі өшпес шығармаларының кітаптары, Батысевропалық жазушылар мен ойшылдардың XVI ғасырда және кейінгі ғасырға жататын діни, философиялық заң тарихы және көркем әдебиет кітаптары музейде өте көп. Ерте заманғы кітаптардың көпшілігінің өте зор маңызы бар, 8 инкунабулда осылардың ішінде.

Мына кітаптардың айрықша зор маңызы бар: Блаженный Антонин шығармаларының толық жыйнағының екінші бөлімі, Венеция, 1480 жыл; славян тіліндегі библия, Базель, 1491 жыл; Овидийдің метаморфозалары мен геройдалары (поэмалары), Базель, 1496 жыл және басқалары.


Орыс және шетел саяхатшылары шығармаларының алғашқы рет басылған кітаптарының А.В. Суворовтың және Наполеонның хаттарының түп нұсқаларының, кітап басудың еуропалық әдісін ойлап тапқан Иоганн Гутенберг 1455 жылы өзінің алғашқы баспа станогінде басып шығарған, папа индугенциялары көшірмелерінің, орыстың халықтық емдеу әдістері жөніндегі қолжазба кітаптардың, толып жатқан «сыллық грамоталарының» («отпускинойлардың», «вольныйлардың», басуға тыйым салынған өлеңдер жазылған дәптерлердің және басқа да документтер мен материалдардың тарихы және ғылыми бағасы өте зор.

Кітап және қолжазба қазынасының бір бөлегі музейдің тарих экспедициясында пайдаланылуда.

Бақша ағаштары

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің бақшасында, табиғатты өзгертуші ұлы И. В. Мичуриннің монументіне жақын жерде үлкен екі «тез пісетін» және «кислица» алма ағаштары тұр. Оның бұтақтарын иіліп, «Большак», «Олег», «Комсомолец», «Бельфлер-китайка», «Қызыл күрән», «Алматы апорты», 600 грамдық «Антоновка» және басқа да, барлығы 84 түрлі алма өседі.

Бұл тамаша алма ағаштарының әрқайсысына 23 жылдан болды. Олар астанаға Алтай өлкесіндегі бір колхоздың бақшасынан әкелініп, 1938 жылы май айында



Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозында 200 бас бұзау сыятын жаңа қораның құрылысын салу жұмысы аяқталып келеді.
СУРЕТТЕ: Жаңа бұзау қорасы құрылысының сыртқы көрінісі.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мал санағын тыңғылықты жүргізу — мемлекеттік маңызы зор іс

Елімізде азық-түлік молшылығын жасау ісінде мал басын үздіксіз көбейтіп, оның өнімділігін арттырудың маңызы өте зор. Сондықтан да үкметіміз бен партиямыз бұл мәселеге жете көңіл бөліп, мал шаруашылығын онан әрі өркендету, оның өнімділігін арттыруды ауыл шаруашылығының алдына ең басты міндеттердің бірі етіп қойып отыр.

Бесінші бесжылдық жоспарда мал басын едәуір арттыру, мал шаруашылығынан алынатын өнімді 1950 жылмен салыстырғанда екі-үш есе көбейту қарастырылды. Ауыл шаруашылығының бұл аса маңызды саласын онан әрі өркендету жөнінде, әсіресе, біздің республикамыздың алдына маңызды және зор міндет қойылып отыр.

Мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспардың орындалуын тексеру және барлық мал санын анықтау ісінде мал санағын алу маңызды роль атқарады. СССР Министрлер Советінің қаулымен бөлініп 1 октябрьден бастап Орталық Санақ Бақармасы 1954 жылғы 1 октябрьге дейінгі малдың санын алу ісін жүргізе бастайды.

Мал санағын алу жүргізілгенде барлық колхоздардың, мемлекеттік және кооперативтік шаруашылықтардың, колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің және басқа да мал иеленушілердің қолындағы малдары есепке алынады.

Мал санағын алу мал шаруашылығын өркендету жоспарының орындалуын анықтауға мүмкіндік берумен бірге, мал шаруашылығын өркендету ісінде болып келген кемшіліктердің де бетін ашады, партия, совет және шаруашылық органдарының мал басын көбейтуге болып келген кемшіліктерді дереу жойып, мал шаруашылығын онан әрі өркендету және өнімділігін арттыру шараларын белгілеулеріне мүмкіндік береді.

Мал санағына үлгілі әзірлену үшін фермалардағы барлық өндірістік-зоотехникалық және колхоз басқармаларында бухгалтерлік есептің кітапшаларын іріктеп алуға дереу кірісу керек. Әрбір бас мал жеміген және артқан сайын документтер жасалып отырылуға тиіс. Колхозшылардан шартпен сатып алынатын малдар мал санағы басталғанға дейін сатып алынып, фермаларға берілуі керек. Әрбір бас мал таңбаланып, инвентарлық номер тағайындалып және барлық мал тиісті есеп кітапшасына жазылуға тиіс.

Мал санағының ойдағыдай өткізілуі бұл жұмысты жүргізуге тиісті есепші кадрлардың дұрыс іріктеліп алынуына байланысты болатындығы сөзсіз. Сондықтан мал санағын жүргізуге керекті есепшілерді қысқа мерзім ішінде іріктен алу көзіргі басты міндет болып саналады.

Мал санағын алу мемлекеттік маңызды зор іс дедік. Олай болса мал санағын жүргізуші есепшілер өздерінен жұмыстың бұл участігіне асқан жауапкершілікпен қарау талап етілетіндігін еркінде есте сақтаулары керек. Колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің және басқа да мал иеленушілердің қолындағы малдың есебін алу ісін арнаулы есепшілер жүргізеді. Сондықтан олар малдың санағын үйді-үйге кіріп, мал иелерінен сұрап біліп, немесе көзімен көріп жазу арқылы жүргізе отырып, бірде-бір малдың санаққа алынбай қалуына жол бермеуге тиіс.

Мал санағына әзірлік және оны өткізу ісін өткен ауылшаруашылық жылында мал шаруашылығының қалай өркендегендігін терең зерттейтіндей етіп ұйымдастыру керек. Ол үшін көзірден бастап әрбір колхозда, совхозда мал басын өсіру жөніндегі жоспардың орындалуына жетіспейтін малды сатып алып қосу арқылы мал санын толықтырудың, малды қысқа қажетті азықпен және жол

Маскүнемді партиядан шығарды

Мамлют ауданы «Большевик» колхозы

Коммунистер батыл сынады

Қаладағы № 44 орта мектеп партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы

низмнің болашақ құрылысшылары — жас ұрпақтардың коммунистік

хощы шаруалардың сенімді ақтамай, соңғы кезде маскүнемдікке салынып, тұрмыста азғынды. Ол ауылшаруашылық жұмыстарының маңызды салалары: егін жыйнау мен мемлекетке астық татсыруды, мал азығын дайындауды ұйымдастыра алмай бетімен жіберді.

Жақында Мамлют аудандық партия комитеті бұл жөнінде мәселе қарап маскүнемдікке салынып, тұрмыста азғындығаны үшін А. М. Мурычевты колхоз председателдігінен босатып, партия қатарынан шығарды. Аудандық партия комитетінің қаулысы колхозшы шаруалардың қолдауын тапты.

С. ТЕМІРБЕКОВ.

сын мен өзара сын кеңінен өрістетген жағдайда өтті. Коммунистер бастауыш партия ұйымының секретары Маланина жолдастың есеі беріп отырған мерзім ішіндегі жұмысын әділ сынады. Олар партия ұйымының секретары коммунистерге партиялық тапсырмаларды оқта- текте ғана бергенін, ол тапсырмалардың орындалуын тексермегенін айтты. Партия ұйымы мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жайымен жете шұғылданбады. Оның жұмысы кейде жоспарсыз жүргізілді. Жыл бойы партия жыйналысы небары алты-ақ рет өткізілді. Оның өзінде күн тәртібіне қалалық партия комитеті ұсынылған мәселелер ғана талқыланып, мектеп өмірінің маңызды мәселелері ұмыт қалды.

Мектеп партия ұйымы, әсіресе комму-

білімді және мәдениетті, өз Отанына шын берілген патриот етіп тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыруда мектептің оқытушылар коллективі жанды басшылық жауапкершілікпен өз назарынан сырт қалдырды. Сол сияқты, жас ұрпақтарды еңбек сүйгіштікке, практикалық жұмыстарға баулу, сөйтіп, мектепте политехникалық оқуды жүзеге асыруға бағытталған шараларды қамтамасыз етуді мектеп партия ұйымы естен шығарған. Мұның барлығы мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуға, жас ұрпақтарға сапалы білім беріп, оларды саналы, білімді етіп тәрбиелеуге кері әсерін тигізбей қалған жоқ.

Жыйналыс партия ұйымының секретарының есеі беріп отырған мерзім ішіндегі жұмысын қанағаттанғысыз деп тапты. Партия ұйымының секретары мен оның орынбасары жаңадан сайланды.

Бүкілхалықтық ауылшаруашылық көрмесінің территориясына отырғызылған болатын. Алтайлық алма ағаштарына 1950 жылы, оларды бақша ағаштарына айналдыратындай қолдан тозандату жасалған еді.

(СОТА).

Жаңа тұрғын үйлер

ШЫМБЕНТ. (ҚазТАГ). Келесі МТС-інің механигі Селиверстов жолдас жаңа үйге көшті. Жаңа үйді ол мемлекеттің қарызға берген ақшасына салып алды. Осы МТС-тің барлық жаңадан қоныстанған 30 механизаторының семьялары үй салуға мемлекеттен қарыз ақша алды. Жеке үй салушылар облыстың басқа машина-трактор станцияларында да бар. Олардың 300-дей кәзірдің өзінде жаңа үйге кірді.

Сондықтан, мал санағын алудың дүрресе және дербезінде жүргізілуін қамтамасыз ету партия, совет және шаруашылық органдары мен қоғам ұйымдары, сол сияқты, бүкіл жұртшылық тарапынан ерекше назар аударылуын керек етеді. Өйткені, мал санағын алу бүкілхалықтық іс болып саналады.

1954 жылғы 1 октябрге дейінгі малдың саны колхоздардың, мемлекеттік және кооперативтік шаруашылықтардың СССР Орталық Санақ Басқармасының органдарына тапсырған есебі бойынша анықталады. Сондықтан, колхоздар мен совхоздардың және басқа шаруашылықтардың басшыларының алдына үстемдегі жылдың 1 октябріне қолда бар малдың есебі туралы барлық документтерді дүрресе іріктеп алу міндеті қойылады.

Бұл жөнінде әсіресе колхоздар мен совхоздарда көп жұмыс жүргізуге тура кә-

жетпесіз етудің барлық мүмкіншіліктері мен тиісті шараларын қолдану керек.

Еңбекшілер депутаттарының аудандық, қалалық, ауыл-селолық, Совет атқомдері, колхоз, совхоздардың, және шаруашылық органдардың басшылары мал санағын жүргізу ісінде өткен жылдарда кездескен кемшіліктердің орын тебуіне жол бермейтін болулары қажет.

Партия, Совет органдарының басшылығы мен көмегіне сүйене отырып, 1954 жылдың 1 октябріне жүргізілетін Бүкілхалықтық мал санағын жүргізуге алдынала мұқият әзірленіп, оны ойдағыдай өткізетін болайық.

Ф. КОВАЛЕВ.

Облыстық санақ басқармасы бастығының орынбасары.

Қытай халқының өміріндегі маңызды оқыйға

Қытай халқы кәзір қуанышты күндерді бастап өткізуде. Қытай Халық Республикасының құрылуының бес жылдығына байланысты бүкілхалықтық мереке күнінің қарсаңында, 15 сентябрьде халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысының бірінші сессиясы ашылды. Халықтың Қытайдың ең жоғары мемлекеттік өкмет органы болып табылатын бұл нағыз демократиялық жыйналысқа алты жүз миллион халықтың барлық топтарының депутат-өкілдері қатысуда.

Сессия үкметтің жұмысы туралы есепті тыңдайды, маңызды заңдарды бекітеді, мемлекеттің жоғары органдарды сайлайды және Қытай Халық Республикасының Конституциясын қабылдайды. Бұл сессияның аса зор тарихи маңызын атап көрсетіп, оның салтанатпен ашылуы күші Мао Цзэ-дун былай деген болатын: «Бұл —1949 жылы біздің республикамыз құрылғаннан бері біздің халқымыздың қол жеткен жаңа жеңістерін, жаңа табыстарын бейнелейтін кезең».

Бұл тарихи оқыйғаның қарсаңында Қытай бесжылдық жоспарының алғашқы жылының орындалу қорытындылары шығарылды. Бұл қорытындылар еркін өмір сүрудің бес жылы ішінде Қытайда болған ұлы өзгерістерді айқын көрсетті.

Елде халықтың демократиялық құрылыстың өмірлік негізі болып табылатын жұмысшы-шаруалар одағын нығайту жолындағы қозғалыс кең өріс алып отыр. Мұның өзі ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруда елеулі табыстарға жетуге мүмкіндік берді. Мұны соңғы жыл ішінде елдегі ауылшаруашылық кооперативтерінің саны алты еседен астам өсіп, кәзіргі уақытта 95 мыңға жетіп отырғандығы да айқын дәлелдейді.

Қытайда мәдениет құрылысы да өрістеуде. Елде жаңа, ұлттық мәдениет пайда болды. Қытайдың еңбекшілері елде сауат-өздікты жою туралы партияның шақыруына бұрын болып көрмеген жігермен

қызу үн қосты. Өткен оқу жылында бастауыш және орта мектептерде 60 миллионнан астам адам оқыды. Кешкі оқу жүйесіне қала мен деревняның 30 миллион еңбекшілері қамтылды.

Басқа сөзбен айтқанда, өзінің бесжылдық мерекесін Қытай Халық Республикасы асқан зор табыспен қарсы алуда.

Қытай Халық Республикасының Конституциясының жобасы туралы өзінің баяндамасында Лю-Шяо-ци атап көрсеткеніндей, өткен бесжылдықта болған ұлы өзгерістер Қытай Халық Республикасына және оның үкметіне ұлы қытай халқы тарапынан және Совет Одағы бастаған бүкіл демократиялық лагерь тарапынан шексіз сенім мен қолдау көрсетіліп отырғанын дәлелдейді.

Қытай Халық Республикасының мемлекеттік құрылысы нығайды. Бүкіл елде жүргізілген барлық сатыдағы халық өкілдері депутаттарының сайлауы қытай халқының асқан бірлігінің, елдің жаңа тарихындағы барлық революциялық жеңістердің дем берушісі және ұйымдастырушысы —Қытай Коммунистік партиясының ісіне оның шын берілгендігінің айқын демонстрациясы болды.

Халық өкілдерінің кәзіргі өтіп жатқан Бүкілқытайлық жыйналысының жұмысына барлық 25 провинциядан, орталыққа бағынатын 14 қаладан, қарулы күштерден, аз ұлттар мен шетелдерде тұрағын қытайлардан сайланған 1226 депутат қатысуда. Өзінің ұлттық құрамы жағынан депутаттар қытай қоғамының барлық топтарының өкілдері болып табылады. Депутаттардың арасында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының даңқты озаттары —Еңбек ерлері үлкен орын алады. Депутаттардың ішінде 150-ден астам әйел бар. Қытайды мекендейтін барлық ұлттардың өкілдері де сессияның жұмысына қатысуда. Жыйналысқа құрамында азаматтық және діни өкметтің басшылары: далай-лама мен панчен-лама бар алыстағы Ти-

беттің делегациясы қатысуда.

Сессия өз жұмысының алғашқы күні-ақ Конституцияның жобасы туралы Лю-Шяо-ци жолдастың баяндамасын тыңдап, одан кейін бұл жобаны талқылауға кірісті. Осыған байланысты Конституцияның жобасына алдын ала шын мәнінде бүкілхалықтық талқылау жүргізілгенін айта кету керек. Конституция жобасын талқылауға кем дегенде 150 миллионға жуық адам белсене қатысты.

Сессияда Конституция жобасын талқылау барлық депутаттардың топтасып, бірауыздылық көрсетуі жағдайында өтті. Сессияда шығыс сөйлеген 89 депутат Қытай Халық Республикасының Конституциясының жобасын қызу мақұлдады. 20 сентябрьдегі мәжілісінде халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысының бірінші сессиясы қытай халқының көпжылдық тарихындағы ең тұңғыш нағыз халықтық және демократиялық конституция —Қытай Халық Республикасының Конституциясын зор белсенділік үстінде бірауыздан қабылдады!

Социалистік типті конституция болып табылатын Қытай Халық Республикасының Конституциясы көпжылдық революциялық күресте қытай халқы не болған жеңістердің нәтижелерін заң түрінде бекітеді. Конституция экономикалық кең құрылыс ісіндегі аса көрнекті табыстарды бейнелейді және қытай халқының ұлы мақсатын — социалистік қоғам орнату мақсатын көрсетеді.

Конституцияның 1-ші статьясында тарихи факты ретінде, Қытай Халық Республикасы жұмысшы табы басшылық ететін және жұмысшылар мен шаруалардың одағына негізделген халықтық демократияның мемлекеті болып табылатындығы бекітілген. Капиталистермен және феодал помещиктермен күресте сыннан өтіп, шыныққан қытайдың даңқты жұмысшы табы өзінің таптық мүдделерінің түпкілікті салтанат құруы үшін социалистік құры-

лысты іске асырады. Қытай еңбекшілері алдына жұмысшы табы мен оның партиясы қойған социализмнің алып перспективалары бүкіл қытай халқының түбірді мүдделеріне жауап береді.

Конституция Қытайдағы социалистік құрылыстың негізгі шарттарын заң жолымен белгілеп тұжырымдайды. Конституцияның 5-ші статьясы кәзіргі уақытта өндіріс құралдарына төрт түрлі меншіктің бар екендігін бекітеді: мемлекеттік кооперативтік меншік, еңбекші және шаруа-меншігі және капиталистік меншік. Болашақта еңбекші және шаруа мен капиталистердің меншігі кооперативтендіру арқылы және мемлекеттік капитализмге айналыруы арқылы социалистік өзгерістерге ұшырап отырады, ал иемденудің мемлекеттік және кооперативтік түрлері қарқынды өркендей береді. Мұның өзі, ағырында, көп салалы қытай экономикасын біртұтас социалистік экономикалық системаға айналдырады.

Жаңа Конституцияда белгіленген мемлекет пен оның органдарының демократиялық құрылысы елдің бүкіл экономикалық, саяси және мәдениет өмірін басқаруға халық бұқарасының кеңінен қатысуын қамтамасыз етеді. Елдегі мемлекет билігіне толығынан халық ие болады, —деп Конституцияда (2-статья) айқын және салтанатты түрде жарияланған. Мемлекеттік өкмет органдарының және мемлекет басқару органдарының бүкіл қызметі халық тарапынан тікелей бақылауда болады.

Конституция еңбекке бейімді барлық азаматтардың ең жоғары принципі мен абройлы ісі—еңбек ету деп жариялайды. «Мемлекет, —делінген 17-ші статьяда,— азаматтардың белсенділікпен және творчестволықпен еңбекке қатысуын қолдап отырады».

Қытай қоғамы өркендеуінің қозғаушы күштерінің бірі Қытайды мекендейтін барлық ұлттар халықтарының достығы болып табылады. Конституция Қытай Халық Республикасын біртұтас көп ұлтты мемлекет деп жариялап, барлық ұлттардың тең правосылығын бекітеді.

Конституцияның азаматтардың негізгі правосы мен міндеттеріне арналған статьялары нағыз демократиялық статьялар болып табылады. Конституция азаматтардың правосыларын жариялап қана қоймай, олардың жүзеге асырылуына кепілдік береді.

Конституция жаңа Қытайдың ұлы жетістігі —әйелдердің бас бостандығын заң жүзінде бекітеді. Қытай қоғамының тарихында тұңғыш рет әйелдерге қоғамдық өмірдің барлық саласына еректермен бірдей право беріледі: мемлекет әсіресе неке, семья, ана мен баланың мүдделеріне ерекше қамқорлық жасайды. Мұның бәрі елдегі аса ірі прогрестің ерекше зор табыстары болып табылады.

Қытай Халық Республикасының Конституциясы қытай халқы өмірінде Қытай Коммунистік партиясының басшылық етуші және бағыттаушы ролін атап көрсетеді. Коммунистік партияның төңірегінде, деп көрсетілген Конституцияда, елдегі барлық демократиялық партиялар мен халықтық ұйымдары біріктірген халықтық-демократиялық біртұтас кең майдан құрылды. Коммунистік партияның басшылығына сүйене отырып, бұл біртұтас майдан қытай ұлтының бүкіл прогрестік күшін біріктіріп, топтастыруда. Коммунистік партияның басшылығы —жұмысшы табы мен бүкіл халықтың жолында кездесетін қандай да болса қиыншылықтарды ойдағыдай жеңудің кепілі.

Қытай Халық Республикасы Конституциясының халықаралық маңызы ерекше зор. Оны әлі де капитал үстемдігінде болып отырған және өзінің ұлттық азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күресіп отырған Азияның барлық халықтары зор қуанышпен құттықтайды. Қытайдың Конституциясы бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш халықтарын қуанышқа бөлейді. «Дүние жүзінде» бейбітшілік орнатудың және адамзат прогресінің игі мақсаттары үшін күресу, —деп жазылған бұл тарихи документте, — біздің еліміздің халықаралық істердегі тұрақты бағыты болып табылады».

Алайда қытай халқы мен оның бейбітшілік сүйгіш достарының ұлы қуанышын көре алмайтын күштер де бар. Американың империалистік агрессорлары мен олардың Тайваньдағы гоминдандық итаршылары Қытайды ескі, отарлық «тәртіптерге» қайта бұру әрекеттерін әлі де жүргізіп, ызыаланып күйінуде. Бірақ бұл —сілімтіктер қаскүнемдігі. Ол ешуақытта да іске аспайды.

Гоминдандық сілімтіктердің және олардың американдық қожаларының барлық арандатушылық әрекеттеріне қайратта тойтарыс беріп, Қытайдың барлық территориясын шетел үстемдігінен толық азат ету үшін қытай халқының күші жеткілікті.

Қытай Халық Республикасының халықаралық беделі барған сайын тез артауда. Кәзіргі уақытта Қытайдың халықаралық аренаға ұлы держава ретінде, бейбітшіліктің қуатты тірегі ретінде шығып отырғандығы айқын факт болып отыр.

Өзінің ұлы досы және көршісінің зор табыстарына совет халқы шын жүректен қуануда. СССР Жоғарғы Советі Президиумының халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысына жолдаған телеграммасында бүкіл совет халқы атынан туысқан қытай халқына терең құрмет білдіріліп халықтық Қытай мемлекетінің абройы мен гүлденуі үшін күресте қытай халқына жаңа табыстарға жете беруге тілек білдірілген.

Қытай халқының бүкілхалықтық салтанат күндерінде совет адамдары оған экономикалық, әлеуметтік және мәдени гүлдену жолында жаңа табыстарға жете беруді шын жүректен тілейді. Қытай халқы сияқты, совет халқы да дүние жүзіндегі бейбітшіліктің сенімді тірегі және Азия мен дүние жүзінің барлық халықтарының хауісіздігінің берік кепілі болып табылатын совет —қытай достығын тынбастан нығайта береді.

Я. БЕЛЬСОН.

Заң ғылымының кандидаты.

Ғылым және дін

Ғылым—қоғамдық сананың айрықша формасы. Ғылым объективтік дүниені және оның заңдарын зерттейді, не ондай, не мұндай құбылыстардың себептерін түсіндіреді. Ғылым табиғаттың және қоғамның негізгі заңдарының қалай қолданылатынын ашып береді. Ғылым заңдары адамдардың еркіне байланысты болмай, табиғатта, немесе қоғамда болып жататын объективтік процестерді бейнелейді. Ғылымның әрбір саласы өзінің жеткен дәрежесіндегі шеңберде өзі зерттеп отырған табиғат немесе қоғам саласы туралы ақиқат білімді беріп отырады. Философия, барлық ғылымдардың нәтижелерін қорыта отырып, тұтас алғанда дүниенің суретін береді маркстік—лениндік философия—табиғат пен қоғамның өмір сүруінің және дамуының жалпы заңдары туралы ғылым. Ол адамдарға білім-танудың дұрыс әдісін және практикалық қымыл жасау үшін сенімді басшылық беріп отырады.

Ғылымның негізі, ерте заманнан басталады. Ғылым адамның табиғатпен күресінде, адамзат қоғамының практикалық керектерінен, адамдардың еңбек қызметі процесінде туды. Адам ең алдымен өмір сүру құралдарын табумен байланысты болған табиғат құбылыстарын байқап, қорыта бастады. Ол табу тәсілдерін ашудың маңызы аса зор болды. Оттың табылуы және айуандарды қолға үйрету адамның қоғамдық өмірінде төңкеріс жасады. Өндіріс күштерді бірте-бірте дамыта отырып, құралдарын ойлап шығарып жетілдіре отырып, өндірістік тәжірибе алып, еңбекке дағдылана отырып, адамдар табиғатқа үстемдігін күшейте берді. Олар металл бақытуды, одан әртүрлі заттар мен құралдар жасауды үйренді. Адамның өмір сүруі жолындағы тоқтаусыз күресінде астрономия, геометрия, механика, инженерлік техника және басқа көптеген ғылымдар пайда болды. Сонымен, барлық ғылымдар практиканың керектерінен, табиғатпен күресте, тұрмыс игіліктерін өндіру процесінде туды. Табиғаттың жасырын сырларына батыл араласып, күрделі құбылыстардың мазмұнының байлығына жете отырып, шын ғылым адамдардың табиғатты меңгеруіне көмектеседі, оларды еңбек қызметін атқару үшін керекті білімдермен қаруландырып отырады.

Ғылымнан өзгеше, дін соқыр сенімге негізделген, ол тәжірибені және байқау жүргізуді бекерге шығарады. Барлық және қандай да болса діндердің ілімдері бойынша сенім білімнен артық; сенім білімнен басым болып отырады-мыс. Дін ілімдердің кеңінен етек алған құдайшыл байымдауларының бірі—адамдардың діни түсініктері мәңгілік, адамның туа біткен қайсыбір ерекше діни сезімі бар, бұл сезім адамның өзімен бірге жарыққа шықты және күдіретті бір құдайға табыну ежелден бері адамдарға тән нәрсе деген байымдаулар болып табылады.

Бұл байымдаулар дұрыс емес. Дін мәңгілік емес. Адамзат қоғамы дамуының алғашқы ерте кезеңдерінде ұзақ дінісіздік дәуірі болды. Дін сенімдер бұдан 100

меттерді намаз-дұғамен, әртүрлі сыйқырлықпен шақыруға болады, деп нандырады. Кереметтерге сену тек мағанаңыздық ғана емес, сонымен қабат зиянды, өйткені дін оны ұстаған адамды өзінің күшіне емес, құдайдың жәрдеміне сенуге мәжбүр етеді. Материалистік ғылым табиғаттан тыс дүниенің өмір сүретіндігін танымайды және керемет атаулыны бекерге шығарады. Ғылым дүниені қайдағы жоқ құдайдың жаратқандығы туралы діни түсініктерді аулақ тастайды. Ғылым табиғаттың және қоғамның құбылыстарын заңды құбылыстар деп, себептер мен нәтижелердің тізбегі деп қарайды. Табиғаттың заңдарын зерттеп қана адамдар оны өзіне бағындыра алады, және өз мақсаттарына қызмет істеттіре алады. Ғылыми білімдермен қаруланған адам құдайдың рақымшылығын сұрап жалбарыбайды, қайта өзі табиғатқа дегенін істетеді.

Табиғаттағы және қоғамдағы байланыстар мен заңдарды білу ғылымның болмақты болжауына мүмкіндік береді. Адамзаттың игілігі үшін табиғатқа және қоғамдық құбылыстарға ықпал жасау мақсатымен алдағыны болжау—озат ғылымның басты міндеттерінің бірі. Ғылыми болжау құр қыл доғмалары мен түсініктеріне негізделген діни әулиеліктер мен болжауларға тікелей қарама-қарсы. «Керемет әулиелік деген нәрсе—ертегі дей үйретеді В. И. Ленин. Бірақ ғылыми әулиелік дегеніміз факт» (Шығармалар, 27 том, қазақша 504-бет).

Астрономия дәлме-дәл ғылыми есептерге негізделген болжаудың айқын үлгісін береді. Мысалы, астрономдар күннің және айдың тұтылуын таңқаларлықтай дәлме-дәл болжайды. 1954 жылғы 30 июньде болған күн тұтылуының күні мен айы туралы астрономияның дәлме-дәл көрсетуі ғылымның табиғат дамуы заңдарын білетіндігінің мысалы болып табылады. Химиялық элементтердің периодтық жүйесін жасаған ұлы орыс химигі Д. И. Менделеев әлі табылмаған элементтердің қасиеттерін данышпандықпен суреттеді, олардың атомдық салмағын белгілеп берді. Менделеевтің ғылыми болжауы айта қалғандай ақталды. Оның болжап айтқан кейбір элементтері ғылымның тірі кезінде ақталды.

Маркстік-лениндік ғылым, адамзат қоғамы дамуының заңдарын білу негізінде қоғамдық дамудың барысын болжап отырады. Марксизм-ленинизм адамзаттың диалектикалық өдіспен қаруландырып отырады, бұл әдіс оқығандардың ішкі байланысын, олардың заңдылығын түсінуге үйретеді.

Дін дүниеде адамның білім-тануға ақылы жетпейтін, бірақ табиғатты, қоғамды және адамның әрекет-қилықтарын көрінбей басқаратын күштер бар, дегенді айтады. Сонымен дін адамды қарусыздаңдырады, ғылымның негізін бұзады, өйткені, табиғаттың және адамзат қоғамының ғылым тапқан заңдарының объективтілігін танымайынша ғылымның өзі өмір сүре алмайды. Шіркеушілер дүниені тану мүмкін емес деп таласуды, біздің біліміміз-

май, жер бетінде жақсы тұрмыс орнату жолында күресу керек.

Психикалық дегеніміз жоғары материяның—мйдың қасиеті ғана, деп үйретеді орыстың ұлы ғалымы И. М. Сеченов. Бұл ілім психика бастапқы, ол материядан тәуелсіз, оның сыйқырлы сыйпаты бар деген дінісіздік-идеалистік түсініктердің негіздерін бұзады. Сеченовтың идеяларын И. П. Павлов ілгері дамытып тереңдетті, ол жоғары жүйке қызметі туралы ғылымда жаңа бір дәуір ашты. Павлов адамның психикасы, дұрыс жұмыс істеуінің мйдың функциясы болғандықтан жанның болуына мұқтаж емес екенін дәлелдеді. Мй—адамның және жануарлардың ең маңызды органы. Мйдың жәрдемісіз біз қозғала да алмаймыз, көре де алмаймыз, есіте де алмаймыз, ойлай да алмаймыз.

Ғылым дамуының тарихы—алдыңғы қатарлы, прогресшіл, материалистік идеялар мен теориялардың артта қалған, реакцишыл, ғылымға қарсы, идеалистік идеялар мен теорияларға қарсы, соның ішінде дінге қарсы күресінің тарихы. Ежелден бері дін халық бұқарасының басын айналдырып келді. Бұқараның сана-сезімін өсірету үшін, оларды өздерінің көкейтесті мүдделері жолында күресуден адастыру үшін дін ғылымды бекерге шығарады. Қолына кітап алуға батылы барған адамды дін құдайдың қаһарымен қорқытады. «Жұмбақтыны іздеме, құпия сырды зерттеме»,—деп үйретеді дін; «білуден без, өйткені бұл дүниені білу құдай алдында ақылмақтық», дейді. Дін ұстаушының ең жоғары қасиетін дін ештемені білмеушілік деп жариялайды: «жаны көдейлер бақытты, өйткені олар ол дүниенің байлығына ие болады», «жөмегендер және сенін қалпаңда бақытты», дейді.

Адамзат қоғамының бүкіл тарихының ең бойында ғылым мен діннің арасында шиеленіскен, бітіспес күрес жүргізіліп келді және жүргізілуде. Діннің бүкіл тарихы ғылымды орасан қатты, қаныппезерлікпен қудалаушылық фактілеріне толы. Табиғаттың жасырын сырын білуді тілеген талай ғалымдар дінилік қара түнектің құрбандығы болды. Ұлы ғылыми жаңалықтарға дінмен бітіспес күрес жүргізу арқылы қол жетті, ал, ол ғылыми жаңалықтарсыз өнеркәсіптің, егіншіліктің пен мәдениеттің табыстары мүмкін болмас еді.

Өсіресе өздерінің жаңалықтарымен діни түсініктерді тікелей бекерге шығарған ғалымдар шіркеудің жанталасқан шабуылына ұшырап отырды. Ол ғалымдардың көбін шіркеу қудалап, азаптап қана қойған жоқ, аяусыз дарға асты. Мысалы, дүниені құдай жаратты деген дінің пікірі бекерге шығарып, әлемнің шексіз және байтақ екенін дәлелдеген ұлы ғалым Джордано Бруно 1600 жылы отқа жағылды. Қан айналысын зерттеудің негізін салған ірі ғалым-дәрігер Сервет отқа жағылып өлтірілді. Өліктердің ішін жару арқылы адам тәнінің құрылысын зерттегендігі үшін католиктік шіркеу дәрігер Андреа Везалийді өлім жазасына кесті.

Патшалы Россияда да ғылымның дінге



Петропавлдағы А. И. Микоян атындағы ет комбинаты консерв орау цехының жұмысшысы Екатерина Павловна Есина жолдас еменалық нормасын үнемі біржарым есе асыра орындап жүр.

СУРЕТТЕ: Е. Есина жұмыс үстінде. Суретті түсірген А. Розенштейн.

А. И. МИКОЯН АТЫНДАҒЫ ЕТ КОМБИНАТЫНДА МІНСІЗ САПАЛЫ ӨНІМ ШЫҒАРАТЫН БРИГАДАЛАР

Комбинат жұмысшылары Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдығы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, нормаларын асыра орындаумен бірге, мінсіз, сапалы өнім беруде. Мұнда мінсіз, сапалы өнім беретін бригадалардың саны да ай сайын көбейе түсуде.

Жақында завод комитеті социалистік жарысқа қорытынды жасап, он бригадара «мінсіз, сапалы өнім шығарушы бригада» деген құрметті атақ берді. Жарыс озаттарына ауыспалы вымпелдер тапсырылды.

ЕҢБЕК ПРОЦЕСТЕРІН МЕХАНИКАЛАНДЫРУ

Комбинатта еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға да баса көңіл бөлінуде. Жуырда азық-түлік әзірлеу цехында жаңадан үйіту пеші орнатылды. Бұрын үйіту жұмыстары әртүрлі велоспаларды қолдану арқылы жүргізіліп, бұған көптеген адам күші керек болатын. Оның үстіне істелген жұмыс сапасыз, тым қымбатқа түсетін. Ал, жаңа үйіту пеші пайдалануға берілгеннен кейін жұмыс процестері едәуір оңайлатылды. Арзан жанғыш газдарды еңбекті көп тілейтін жұмыстарға пайдалану өнімнің өзінің құнын едәуір арзандатуға мүмкіндік берді.

Консерв банкелерін техникалық вазелинмен майлау жұмыстары да бұрын

Колхозға барғанымызда

Біз, қаланың медицина қызметкерлері, егін жыйнауға көмектесу үшін үстіміздегі жылдың 11 сентябріне өзіміз қамқорлыққа алған колхозға сапарға шықтық. Қарақоға станциясына түнде келіп едік. Конохов ауданындағы Куйбышев атындағы колхоз бізді алып келу үшін дереу машина жіберіпті.

Артель мүшелері бізді қуанышпен қарсы алды. Колхоз басқармасы бізді егін орағы мен мемлекетке астық тапсыру жұмысына ойдағыдай қатысуымызды қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасады.

Конохов ауданындағы Куйбышев атындағы колхоздың председатели Стаценко жолдас, колхоз қырмандағы жұмыстың ұйымдастырылуы жайымен таныстырды. Медицина қызметкерлерінен комсомол-жастар бригадасы ұйымдастырылды. Барлығы медицина қызметкерлерінен 4 бригада ұйымдастырылып, қырманда астық тазалауда, шөптіруде жұмыс істеді.

Колхоздың орталығынан 5 километрдей жерде тұратын № 4 бригадара құрамында Ф. Лебедев, В. Кригер, А. Острецова, П. Панфелова, Р. Маликова сияқты жолдастар бар комсомол-жастар бригадасы жіберілді. Мен де осы бригаданың құрамында жұмыс істейтін болдым. Ал, біздің басқа жолдастарымыз колхоздың бірінші, екінші, үшінші бригадаларына жіберілді. Төртінші бригаданың қырманда 500 центнерден артық астық газартылмай жатыр екен. Біз осыны дереу тазалап, дайындау орындарына жөнелттік.

Колхоз қырмандағы астық тазалауға кіріскен медицина қызметкерлері өзара социалистік жарысқа түсті. Жарысқа колхозшылар да қосылды. Медицина қызметкерлері қолдарына күрек алып, астық ұшырысты, қырманда бидай жайып кептірді, комбайндардан астық алуда болды. Қарақоға элеваторына астық тасыйтын машиналарда жүк тиеуші және жүк түсіруші болып жұмыс істеді.

Көзірігі уақытта комбайншылар еменмен күндіз де, түнде де үздіксіз жұмыс істеуде. Егін орағын тез аяқтау үшін өр-

бір сағаттың қымбат екендігін колхозшылар да, комбайншылар да, көмекке келген медицина қызметкерлері де түсінді.

Бірде түнгі сағат 2-де төртінші бригаданың бригадирі келін:

—Жолдастар, комбайн агрегатында сабан үюшілер жетіспей тұр. Егер оның орнына кісі жібермесек комбайндардың таңатқанда егін ормай қарап тұратын түрі бар. Таң атқанша жұмыс істеуге сіздердің ақыл-парыңыздан кім тілек білдіреді еді?—деді. Барлық комсомол-жастар бұл жұмысқа баруға тілек білдірді. Ақыры комбайнда жұмыс істеуге Ф. Лебедев жолдас екеуіміз бардық. Бұл күні түнде таң атқанша комбайнмен 7 гектар сұлы орып, жыйнадық.

Мұнда Петропавл медицина училищесінің 60 студенті жұмыс істеп жүр. Олардың көпшілігі—комсомол-жастар. Оның үстіне біздің 30 медицина қызметкерлері бірнеше күн жұмыс істеді. Осы 30 кісінің күшімен 3 мың центнерден артық астық тазартылып, ол мемлекет сарайына құйылды.

Медицина қызметкерлері Куйбышев атындағы колхозға шөп шабу уақытында да көмектескен болатын. Осы колхозда 26 медицина қызметкерлері шөп шабу, пішін маялау жұмыстарында болып, қорамдық мал үшін қоралар салуға белсене көмектесті. Куйбышев атындағы колхоздың көмегіне разылық білдіріп, алғыстар айтты және біздің колхоз өндірісіне жиі келіп, көмектесіп тұруымызды сұрады.

—Келіп тұрамыз,—деп жауап бердік біз.

Медицина қызметкерлері де колхоз өндірісінде болып, қолма-қол көмек көрсетіскендеріне қанағаттанып қайтты.

Біз көп кешікпей қамқорлыққа алған колхозымызға көмектесу үшін тағы да барамыз.

А. БОГЕР.

Қалалық бірлескен емхананың фельдшері.

Жұмысшылардың денсаулығы жөнінде қамқорлық

Біздің ет-консерв комбинатының коллективі москвалықтардың үндеуін қызу қолдап, өзара социалистік жарыста көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған болатын. Комбинат коллективі социалистік міндеттемелерін абыроймен орындап келеді. Мәселен, 8 айлық өнім шығару жоспары 120 процентке жуық орындалды. Өнімнің сапасы да жақсарды. Ал, август айының өнім шығару жоспары 186 процент орындалып отыр. Мұнымен бірге, жұмысшылардың еңбек өнімділігі де едәуір жоғарылады. Өткен айда еңбек өнімділігі комбинат бойынша жоспардағыдан 6 процент артты.

Комбинат коллективі қол жеткен табысты баянды ете отырып, Ұлы Октябрь мерекесінің қарсаңында социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Кәсіподақ ұйымы жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттыру үшін қажетті шаралар берді.

Бұрын маркшировка жасайтын машиналарға банкелердің қақпағын түсіру қиын жұмыстың бірі еді. Бұл жұмыс та механикаландырылды. Мұнымен бірге, консерві банкелерін майлау жұмысын да механикаландырып отырмыз. Осының барлығы жұмысшылардың еңбегін жеңілдетуге көп мүмкіндік туғызып отыр.

Комбинатқа жыл сайын жаңа техника көптеп келуде. Мұның өзі еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру үшін қолайлы жағдай туғызуда. Тек қана үстіміздегі жылы автоэлектротран, автоматты жүк тиегіш және басқа механизмдер алынды. Олардың барлығы өндірісте пайдалануға берілді. Осының нәтижесінде ондаған адамдардың еңбегі жеңілдеп, олардың табыстары молайды.

Комбинат жұмысшыларының және қыз-меткерлерінің денсаулығын қамқорлыққа

науға болады, ал адамзат тарихының бір миллион жылының ішінде 800—900 мың жылдық дәуірі дінісіздік дәуірі болды. Дін ең ерте замандарда, алғашқы—қауымдық рулық құрылыс түсында, таптар шыққанға дейінгі қоғамда пайда болды. Ол алғашқы қауымдағы адамның табиғатпен күресте әлсіздігінен туды. Алғашқы қауымдағы адам табиғаттың стихиялық және айбарлы күштерін өзіне бағындыра білмеді, бұл күштер оған түсініксіз болды, оған таң қалдырарлық тажап болып көрінді. Жасырын сыры көп табиғат оның алдында дәрменсіз болған алғашқы қауымдағы адамға қорқынышты болды. Айналадағы дүниеде болып жатқанды ойға салып, ұғына білмей, ол өзіне үстем болған табиғаттың стихиялық күштерін шамадан тыс қасиеттері бар күдіретті күш деп білді.

Таптық қоғамның пайда болуынан бастап, дін үстем таптардың тірегіне айналды. Дін халық үшін апыйын, рухани елітне болып табылады, өйткені дін адамдардың санасын уландырады, олардың өзүшілер мен қанаушыларға қарсы, олар еңбекшілер үшін орнатқан жер бетіндегі таптық жою жолында көкейтесті тұрмыстық мүдделер үшін күрестен еңбекшілерді аулақ ететін, оларды ақымақтандырады. Діннің реакцияшылдық мазмұны міне осында. Діннің бәрі дүниеде екі негіз бар, дүние мүлдем әртүрлі екі бөлектен құралған дегенге сүйенеді: бір бөлегі—материалдық дүние деп аталатыны, ал екіншісі—қайдағы бір рухани негіз, оның материалдық дүниеден бөлек өмір сүре алатын және өмір сүріп отырғаны былай тұрсын, қайта тіпті материалдық дүниеге үстемдік етіп отыр, дегенге сүйенеді. Діннің қандай болса да адамдарға материалдық дүние уақытша, өткініш болып табылады-мыс, ал рухани дүние—мәңгілік дүние деп ұғындыруға тырысады. Діни ұғым бойынша, құдайлар, періштелер, жын-шайтандар және тағы сондайлар мекендеген табиғаттан тыс, рухани дүние табиғаттың өміріне және қоғамдық тұрмыстың оқиғаларына араласып, оларға өз дегенінше бағыт сілтеп отыра алады.

Ойлап шығарылған діни байымдаулар бойынша материалдық дүние құдайдың құдіретімен жаралған. Дүниені құдайдың жаратқандығы туралы пікір—қандай діннің болса да негізгі догматы. Дін қайдағы жоқ «жасаған ие—құдайға» сенуге шақырады, дінге сенушілерге құдай бағдарының мәңгілігі туралы түсінік таратады.

Ғылым бұл діни ертегілерді бекерге шығарады. Әлемді ешкім жаратқан жоқ, ол мәңгілік; ол әрқашан да болған және бола береді.

Әрбір дін кереметтер бар деп таныды. Дін адамды зерттеуге, үйренуге емес, беталды сенуге үйретеді. Дін әрқашан, барлық замандарда табиғаттың күрделі құбылыстарын өз мақсаттарына пайдаланып келді, дінге сенушілерді табиғат заңдарының қаймылын тоқтатуға немесе өзгертуге, керемет жасауға құдайдан жалбарынып сұрауға итермелеп келді. Дін кереметтерге сенуге үйретіп қана қоймайды, қайта дінге сенушілерді ол көре-

дің ақиқаттығына сенсінді, өйткені дін дүниетану тұрғысынан қарағанда, табиғат пен адам бүтіндей құдайдың құдіретіне бағынады, ал «құдай жолы бимағлұм», яғни бұл туралы ештеңе білуге болмайды. «Құдайдың құдіретіне» қарсы адам дәрменсіз, сондықтан дін дүниені қайта құру жолында күресуден бастартуды уағыздайды, бұл күрес мүлдем үмітсіз күрес деп сендіруге тырысады.

Ал, ғылым дүниені және оның заңдарын білуге, тануға болатындығы туралы қағиданы өзінің барлық қызметімен негіздеп дәлелдеп отыр. Адамзаттың бүкіл тарихи тәжірибесі дүниені тану мүмкін екендігін көрсетеді. Фабрикалар мен заводтар, теміржолдар салу, автомобильдер, пароходтар, самолеттер, телефон, телеграф жасау, электрді, радионы ойлап шығару—міне, осының бәрі табиғат пен қоғамның заңдарын білуге нәтижесінде ғана мүмкін болды.

Адам ақылының күші шексіз екендігін ғылымның тарихы көрсетіп отыр. Егер дүниені білуге-тануға болмайтын болса, адамдар оның заңдарын біле алмаған болса және біздің біліміміз заттардың мазмұнын бейнелемеген болса, онда адам стихиялардың мәңгілік құлы болып қалған болар еді. Ал, іс жүзінде адам табиғатты барған сайын меңгеруде, оны барған сайын терең зерттеп, білуде және оның мұны білуінің тануының шегі жоқ. Дүниеде білінбейтін- танылмайтын заттар жоқ, тек әлі танылмаған бұдан былай ғылымның және практиканың күштерімен табылатын және танылатын заттар ғана бар.

Қандай да болса діннің ең мазмұнды элементтерінің бірі—адам екі негізден: материалдық және рухани негізден—тән мен жаннан құралған деген пікір болып табылады. Діннің айтуынша, адамның тәні мен жаны қарама-қарсы қатынастарда. Тән өзінің тілектерін міне мен өмігерлікке толы жер бетіндегі тұрмыстан қанағаттандыруға тырысады-мыс, ал жан мәңгі рахатта болатын аспандағы тұрмысты ғана көздейді-міс. Адам тірі кезінде неғұрлым жақсы тұрса, оның жанына солғұрлым жамаң; жанды сақтап қалу үшін тәнді қалжыратып, шаршатып отыру керек. Жер бетінде адам михнат-азалқа неғұрлым көбіс болса, ол дүниеде солғұрлым рахат көреді, дейді дін. Халықтың бақытқа жетуі туралы арманын жүзеге асыруды дін ол дүниеге көшіреді, сөйтіп адамдардың жақсы тұрмысқа талпынған талабын жалған жолға түсіреді. Сөйтіп, ол дін ұстағандарды қоғамдық және өндірістік қызметке белсене, саналы қатынасудан басқа жаққа бұрады.

Көзгіргі замандары ғылым ешқандай жан дегеннің жоқ екенін дәлелдеді. Біздің жанды (психикалық) өмір деп атайтынмыз біздің ой-сезіміміз—адам миының, яғни айрықша жоғары материяның қызмет атқаруының нәтижесі ғана. Адам өлгеннен кейін оның ойы да, сезімі де жоғалады, мыйдың материясы материяның басқа түрлеріне көшеді. Жер бетіндегі өмірден басқа ешқандай өмір жоқ, деп үйретеді бізге ғылым; дін ойлап шығарған ол дүниедегі рахатты күтіп отыр-

қарсы күресі ең қатты шиеленіскен формада болды. Орыстың ұлы ғалымдары М. В. Ломоносов, А. М. Бутлеров, Д. И. Менделеев, И. М. Сеченов, И. И. Мечников, ағашыңды Ковалевскийлер, Е. А. Тимирязев, И. П. Павлов, И. В. Мичурин ғылымға және халықтың ағарту ісіне, олардың жолына реакцияшыл күштерді, соның ішінде руханилер де қойған үлкен кедергі-бөгеттерді жою арқылы жол салды. Мысалы, И. М. Сеченовтың «Бас мыйының рефлекстері» деген кітабы жарыққа шыққан кезде, Петербургтың және Ладоганың митрополиті «аса өрескел, кесапатты және зиянды ілімі» үшін «профессор Сеченовтырзаны бойұсындыруға және түзетілуге» шіркеу түрмесі—Соловецкий монастырына жіберуді үкіметтен жалынып сұрады.

И. В. Мичуриннің материалистік ілімінде дін үшін үлкен қатер бар екендігін реакцияшылдар анық көрді. Мичурин өзінің еңбектерімен дүниені тануға болмайтындығы туралы жалған байымдауларды әшкерелейтіндігін олар түсінді. Мичуриндік ілім біржолата және мәңгіге құдай жаратқан жанды табиғат өзгермейді-міс деген дін ережелерінің күшін көкке ұшырды. Сонымен бұл ілім табиғатты өзгертуге жол ашты.

Шіркеушілер табиғаттың жасырын сырын адамдардан құдайдың өзі жасырған, сондықтан оны зерттеу, ал одан бетер тіпті оны өзгертуге тырысу—үлкен күнә, дегенді айтты. Олар Мичуриннің ғылыми қызметіне әртүрлі бөгеттер жасап отырды.

Капиталистік мемлекеттерде шіркеу алдыңғы қатарлы ғылымға қарсы күресін күні бүгінге дейін тоқтатқан жоқ. Әрине, көзгіргі ғылым мен техниканың ұлы табыстарға жетуінің арқасында шіркеу ғалымдарға ашықтан-ашық қарсы шығып, оларды қанықсеріліспен жазалап алмайды. Біздің заманымызда шіркеу ғылымды дінмен бітістіруге, сөйтіп ғылымды жеткен дәрежесінен кері кетіруге, оны қайтадан дін жолына қызмет етуге қоюға тырысуда. Бұл істе оны өзінің қожайындары—империалистер мен реакцияшыл ғалымдар барынша қолдай отыр. Сатығыш ғалымдар дінді буржуазияның көзгіргі азаматтығы талаптарына сәйкес жаңғыртатын көптеген теориялар ойлап шығаруда. Олардың басты міндеті—ең алдыңғы қатарлы қоғамдық ғылымның—марксизмнің-ленинизмнің аса зор революциялық ықпалын және етек алып, жұртқа жайылуын тоқтату болып табылады. Бірақ империалистермен олардың ғылымысты малайлары бұл міндетті жүзеге асыра алмайды, өйткені марксизм-ленинизм халықтың қалың бұқарасының игілігіне айналды.

Дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы советтік ғылым халыққа қызмет етеді, ол социалистік елдің экономикасы мен мәдениетін онан әрі өркендету жолында, совет халқының әл-ауқатын жақсарту жолында күресіп отыр. Советтік ғылым тұрмыспен, практикамен коммунизм жолындағы күреспен үздіксіз тығыз байланысты, ол қаратүнекке қарсы күресте.

В. ПРОКОФЬЕВ,

Философия ғылымдарының кандидаты.

қоғаммен танысты. Комбинаттың жасөспірімдері Овонко жолдас осы жұмысқа арналған машина ойлап шығарды. Көзгіргі бұл машина жұмысқа жаппай қолданылууда. Сол сыяқты, жұмыс кетеретін және екі жұмыс тиетін машиналар сатып алынды.

ЖҰМЫСШЫЛАР ҮШІН ЛЕКЦИЯЛАР

Мұнда жұмысшылар үшін саяси, ғылыми және басқа тақырыптарда лекциялар оқылып тұрады. Жақында облыстық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының мүшесі Дивинский жолдас «Марксизм—ленинизм діннің шығуы туралы» деген тақырыпта лекция оқыды. Тауадағы күндерде «Совет-жастарының моральдық бейнесі», «Ғылым мен дін—өмір туралы» және басқа тақырыптарда лекциялар оқылмақ.

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖАҢА ТОБЫ

Комбинат жанындағы фабрика-завод училищесі жыл сайын жүздеген маман жұмысшылар әзірлеп келеді. Мұнда быйыл 200-ден астам жастар оқып жүр. Жас жұмысшылар онға жуық мамандықты меңгереді, теориялық білім алумен бірге, комбинат цехтарында практикада болады.

Училищеде жастардың оқуы үшін барлық жағдай жасалған. Училищеге жоғары білімі бар маман кадрлар сабақ береді.

С. ӘЛІМОВ.

Элеватор мен астық қоймалары

Мыңдаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты облысымызда элеваторлар мен астық қоймаларын салу қызу қарқынмен жүргізілуде. Мамлют станциясында әрқайсысына 3200 тонна сиятын екі астық қоймасының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Құрылысшылар үшінші астық қоймасын да аяқтап келеді. Келесі жылы Мамлют станциясында тағы да 7 мың тонна сиятын екі қойма салынады.

Қарақоға, Булаев және Петропавл станцияларында да астық қоймалары салынып жатыр. 1955 жылы бұл станцияларда 140 мың тонна астық сиятын 42 астық қоймасы салынып, пайдалануға берілді. «Петропавловскзавотстрой» мекемесі Мамлют және Петропавл станцияларынан элеватор салуға кірісеті. Алдағы жылы Қарақоға, Булаев және Смирнов станцияларында да элеваторлар салу құрылысы басталады. Олардың бәрі отандық қуатты техникамен жабдықталады.

А. БОРИСОВ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨМЕГІ

«Бөктерек» колхозында (Совет ауданы) темір жол училищесінің 20 оқушысы жұмыс істейді. Оны мастер Костев жолдас басқарады. Оқушылар бригадасы астық тазартуда жұмыс істеп, өздерінің күндік нормаларын 150—170 проценттен орындауда.

Ж. ӨМІРСЕЙІТОВ.

леп, оның жүзеге асырылуын үнемі бақылап отырады.

Соңғы кезде жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттыру мақсатында, олардың тұрмыстық жағдайын жақсарту және өндірісте еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізілді. Негізгі цехтарда желдеткіштер орнатылды. Мұның өзі жұмысшылардың еңбек өнімділігін еселеп арттыруына көп мүмкіндік туғызды. Бұрын шеккарын цехында ауаның тығыздылығы нан тұман болып, көп уақытқа дейін жұмыс істеу мүмкін емес еді. Осының салдарынан еңбек өнімділігі де төмен болды. Көзгіргі бұл цехта механикаландырылған желдеткіш орнатылды. Мұндай жағдай басқа цехтарда да орын алған еді. Көзгіргі еңбекшілер негізінен жойылды.

Сол сыяқты, ауыр жұмысты механикаландыру жұмыстары да кеңінен жүргізілуде. Мәселен, консерв цехын айтуға болады. Мұнда банкелерді әперу үшін

МЕХАНИЗАТОРЛАР КЛУБЫ

Совет МТС-і жанындағы оқу үйінің негізінен селолық клуб ұйымдастырылды. Бұл күндері клуб селодағы мәдениет орталығына айналуда. Оның көң, үлкен залдарынан күн сайын жұмыстан бос уақыттарында газет, журналдар, көркем әдебиеттер оқып, шахмат, дойбы ойнап, мәдениетті дем алып отырған ондаған механизаторлар мен колхозшыларды көруге болады.

Клубтың меңгерушісі коммунист Е. Куприянцева жолдас еңбекшілерді мәдениетті қамтуға, көркем әдебиет кештерін өткізуге белсене атсалысып отырады. Клубтың жанында 10 адамнан құрылған лекторлар тобы бар. Оның құрамында агрономдар, дәрігерлер, мұғалімдер және басқа селолық интеллигенция бар. Олардың күшімен «Ватикан американимализміне қызмет етуде», «Партия мен Үкіметтің халық игілігі үшін қамқор-

«Ленин туының» дабылынан «кейін»

«ӘЗІРЛІКСІЗ КІРІСКЕЛІ ОТЫР»

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 22 августағы номерінде осы тақырыппен сын мақала жарияланып, онда Совет ауданының бірқатар мектептерінде жаңа оқу жылына әзірліктің баяу жүргізіліп келгендігі, оқулықтар мектептерге жеткізілмей, мектептер мұғалімдермен толықтырылмай отырғандығы сынға алынды.

Совет аудандық Совет атқомінің председателі Н. Живулина жолдас бізге, тексеріс жүргізгенде мақалада көрсетілген фактілер толық анықталды деп хабарла-

* * *

Преснов аудандық тұтынушылар одағының председателі Батышев жолдас газетіміздің осы жылғы 8 сентябрьдегі номерінде жарияланған «Дүкен ашылса екен» деген тақырыпты тілші хатында көрсетілген фактілердің анық болып шыққандығын хабарлады.

тытқан шаралар жүзеге асырылғандығы екі жыл ішінде көлемі 1117 шаршыметрлік жаңадан 3 тұрғын үй пайдалануға берілді. Сол сыяқты, көлемі 267 шаршыметрлік жатақхана салынды. Бұл жұмыс үстіміздегі жылы да қызу жүргізілуде. 1 октябрьде комбинат жұмысшылары үшін 23 пәтерлі жаңа үйді пайдалануға бергені отыр. Мұнымен бірге Ұлы Октябрь мерекесіне дейін көлемі 534 шаршыметрлік жатақхана құрылысының жұмысы аяқталады.

Комбинат кәсіподақ ұйымының жұмысшылардың еңбектегі және тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралары, міне, осындай. Дегенмен, жұмысшылардың қажетті тілектерін орындауда, олардың тұрмыс жағдайларын жоғарылатуға кәсіподақ ұйымы әлі де көп жұмыс істеуге тиіс.

М. ЗАПОРОЖЕЦ.

Ет комбинатының техника хайуңсіздігі жөніндегі инженері.

лығы», «Марксизм—ленинизм—діннің шығуы туралы», «МТС механизаторларының озат тәжірибелері» және басқа тақырыптарда көптеген лекциялар оқылды. Оған 1176 механизаторлар мен колхозшылар және басқа мамандықтың өкілдері қатысты.

Мұнымен бірге, клуб еңбекшілерді мәдениетті қамтуда да айтарлықтай табыстарға жетісіп келеді. Екіншілерге кинокартиналар көрсетіп, клуб көркемөнерпаздарының күшімен концерттер қойылып тұрады. Оның программасында көркем сөз, би, совет композиторларының әндері бар. Клуб үйінің жанында 15 адамнан құрылған драма үйірмесі үзбей жұмыс істеп келеді. Сол сыяқты, клубтың мәдени үгіт бригадасы дала қостары мен трактор бригадаларында болып, жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін шығаруға да белсене араласады.

ды. Жаңа оқу жылына әзірлік туралы аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде деркезінде мәселе қаралып, оқу жылын жақсы әзірлікпен қарсы алуы қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылған. Барлық жетіжылдық және бастауыш мектептер оқытушылармен толықтырылған. Аудандық тұтынушылар одағының қоймасында жатқан барлық оқулықтар оқу жылы басталмай тұрып, колхоздарға жеткізіліп, магазиндер арқылы сатылған.

Преснов ауданындағы Тауағаш ауылында ұзақ уақыт бойына дүкен жұмыс істемей келген. Көзгіргі дүкенге арналған үй бөлініп, колхозшыларға сату үшін қажетті товарлар әкелініп, дүкен жұмыс істей бастаған.



«Солтүстік полюс — 4» ықпалы ғылыми станцияда. Вертолеттің көмегімен ғылыми қызметкерлер өздерінің мін едәуір ұлғайтуда. Олар мұз үстінде ден 100—150 километр жерге үнемі жатқан зерттеу жұмысы. Вертолеттің жерінен теңіз түбіне, барометр (суды Лебедкадағы — география ғылымының кандидаты гидролог А. Г. Драликин, он жақта — гидролог М. В. Извеков және вертолеттің борт — механигі Е. С. Горюхов. Суретті түсірген Н. Соловьев. (СОТА).

Ауыл шаруашылығы үшін маман кадрлар

Колхоздар үшін орта білімді басшы кадрлар даярлайтын Петропавлдағы облысаралық мектепке жыйналған халық бүгін әдеттегіден әлде қайда көп.

Жыйналғандар — Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Кокшетау, Қарағанды, Павлодар облыстарының колхоздары мен совхоздарында еңбек еткен озат колхозшылар, бригадирлер, звено бастықтары.

Бұл бөлмеде қатар-қатар қойылған столдардың бәрине де қызыл шұға жабылған. Бөлменің қабырғаларына партиямыздың үкметіміздің басшылары мен ауыл шаруашылығының оқымысты ғалымдарының суреті ілінген. Одан төменірек жерге мектеп тыңдаушылары үшін оқулықтар, схема, плакаттар және асыл тұқымды малдардың мәметтері орналастырылған.

Бұл бөлмеге үшінші курс тыңдаушыларының бір топнасы жыйналған. Мемтепте үш жыл бойы теория жүзінде оқын, жылма-жыл жаз айларында колхоздарда практикалық жұмыстарда болған олар бүгін мал шаруашылығы пәнінен мемлекеттік емтихан тапсырмақ.

Мемлекеттік емтихан комиссиясының алдындағы кішістентай стола бірінші болып келіп, Октябрь ауданы, «Плама» колхозынан келген К. Омаров емтихан билетін алды. Үш жыл бойына сабақты үздік оқыған ол билеттегі сұрақтардың бәрине кідірмей жауап берді. Мемлекеттік комиссия мүшелері оған бірауыздан «5» деген баға қойды. Одан кейінгі билет алып

зерттеу жүргізген аудандарының көлемі әртүрлі бақылау жүргізу үшін лагерь-ұшып барып тұрады.

Қашықтықтағы мұз үстінде жүргізіліп пилоты В.И. Мельников мұздың ашық жерінен теңіз түбіне, барометр (суды Лебедкадағы — география ғылымының кандидаты гидролог А. Г. Драликин, он жақта — гидролог М. В. Извеков және вертолеттің борт — механигі Е. С. Горюхов. Суретті түсірген Н. Соловьев. (СОТА).

үлгілерімен таныстым. Онымен бірге, ауыл шаруашылығын, оның ішінде астық молшылығын жасау жолындағы күреске келілі үлес қосатын колхоз ғалымы Т. Мальцевтің жаңашыл әдістерімен жете танысуға мүмкіндік алдым. Мектепте оқын жүріп алған теориялық және практикалық білімді мен колхоз өндірісіне жұмсамақпын.

Оқу программасы бойынша өтілетін материалдарды үнемі «жақсы» деген бағамен меңгерген қостанайлық С. Ыдырысов, қарағандылық К. Машрапов та мемлекеттік емтиханда да үнемі «өте жақсы» деген бағаға ие болып келеді. Ал, мұндай озаттар мектепте оқиды саналады. Оған мал шаруашылығы пәнінен мемлекеттік емтихан тапсырғандардың үштен екісінің «өте жақсы» деген бағаға ие болғаны айқын мысал бола алады.

Колхоздар үшін орта білімді басшы кадрлар даярлайтын Петропавлдағы облысаралық мектеп, 1947 жылы партияның Орталық Комитетінің елімізде колхоздардың басшы кадрларын нығайта беру жөніндегі қабылдаған қаулысынан кейін ұйымдастырылған болатын.

Сол жылдардан бері колхоз председателдерінің білімін толықтыратын біржылдық, екі жылдық, астыбайлық, бір жылдық курстардың өзін 900-ден астам адам бітіріп шықты. Ал, соңғы екі жыл ішінде мектеп колхоздар үшін орта білімді 200-ге жуық агрономдар даярлап шығарды.

Бұл мектепті бітіріп шыққандардың көпшілігі республикамыздың солтүстік-шығыс облыстарының колхоздарында бас-

СОВЕТ ОДАҒЫ КХДР-да ТЕМІР ЖОЛДАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ КӨМЕКТЕСУДЕ

ПХЕНЬЯН, 23 сентябрь. (СОТА). Корея орталық телеграф агенттігі былай деп хабарлайды: КХДР-дің теміржолшылары совет халықтарынан зор материалдық көмекті үнемі алып тұрады, соның арқасында темір жол транспортының қалпына келтіру жедел қарқынмен жүргізілуде. Совет Одағынан бетон араластырғыш, темір жолдың автоматты моторлық қрандары, жолаушылар вагондары, блок аппараттар, рельстер, электр проводтары және техникалық әдебиеттер көптеп келуде.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕРІНІҢ КХДР-дан ӘКЕТІЛУІ

ПХЕНЬЯН, 23 сентябрь. (СОТА). Корея орталық телеграф агенттігі арнаулы тілшісінің Синьчжуден берген хабарына қарағанда, қытай халық еріктілерінің Кореядан әкелініп бара жатқан бөлімдері қала арқылы әлі де болса өтіп жатыр. 20 сентябрьде қытай халық еріктілерінің командованисі Кореядан ауыр қару-жарақтарды, танктерді және бронды машиналарды әкете бастады. Қытай халық еріктілерінің бөлімдерін әкету құрамында Швейцария, Швеция, Чехословакия және Польшаның өкілдері бар, бейтарап комиссияның инспекциялық топтары мүшелерінің бақылауымен жүргізілуде. Инспекциялық топтар мүшелері жүргізген тексеруінің қорытындысы корей-қытай жағының алдын-ала жасаған баяндамаларына сай келуде. Инспекциялық топтардың барлық мүшелері бұл жұмыстарды жүзеге асыруға жан-жақты көмек жасағандығы үшін корей-қытай жағының офицерлеріне бір-ауыздан алғыс білдіруде.

ИРАН БАСПАСӨЗІНДЕГІ ССРО ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛАҚОРЛЫҚ НАУҚАН

ТЕГЕРАН, 23 сентябрь. (СОТА). Мұнда мәлім болғанындай, осы жылғы 22 сентябрьде ССРО-ның Ирандағы елшісі А. П. Лаврентьев Иранның сыртқы істер министрі А. Энтезамға жолығып, оған мынадай мәлімдеме жасаған. Соңғы күндері Иран армиясы мен полициясының офицерлерін тұтқына алумен байланысты иран баспасөзінде «тұтқынға алынғандардың Москва мен құпия байланысы жайында арандатушылық хабарлар («Эттезаат» газеті, «Бейхан» газеті және басқалары), Совет соғыс аттәһесі генерал Радионов жайында жалақорлық хабарлар (15 сентябрьде шыққан «Бейхан» газеті), меджлистің кейбір депутаттарының Совет Одағының атына айтылған жалақорлық және дұшпандық сөздері және, ең соңында, Иран өкімет орындарының Иранда совет фильмдерін көрсету жөніндегі ешбір дәлелсіз, кемсітушілік шаралары жариялана бастады.

Жоғарыда көрсетілген фактілер Иранда ССРО жөнінде дұшпандық науқан жүргізіле бастағанын көрсетеді, бұл науқанның үшінші елдердің мүддесі үшін совет-иран арасындағы тату-көршілік қатынастарға нұқсан келтіру мақсатын көздейтіні айқын.

Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Миннің Синьхуа агенттігінің тілшісіне мәлімдемесі

ПЕКИН, 22 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Миннің осы агенттіктің тілшісіне жасаған мәлімдемесін хабарлады.

Президент Хо Ши Мин вьетнам халқының Солтүстік Вьетнамды азат еткеннен кейінгі жаңа міндеттеріне назар аударған.

«Вьетнамның ұлт-азаттық қозғалысында көзін жаңа кезең басталды,—деп мәлімдеген президент Хо Ши Мин.—Бұл кезеңнің ерекше сыйпатты белгісі соғыстан бейбітшілікке көшу, ауыртпалықтың салмағын деревнядан қалаға салу, бытыраңқылықтан орталықтануға көшу болып табылады».

«Уақытша бітім мен бейбітшілікті бағанды ету үшін,—деген Хо Ши Мин,—біз көп жұмыс істеуге тиіспіз. Біз жаңадан азат етілген барлық деревнялар мен қалаларды қолымызға алып, іскерлікпен басқаруға, соғыс түсірген жарақатты жазу, ұлттық экономиканы қалпына келтіру, сыртқы сауданы, қалалық және селолық аудандар арасындағы сауданы өркендету үшін күресуге тиіспіз. Мұның өзі өндірісті ұлғайтуға және халықтың тұрмысына жақсартуға негіз болады».

«Біз Вьетнамның Лао-Донг партиясын, демократиялық басқарма мен халық армиясын, сонымен қатар жұмысшылар мен шаруалар одағын нығайтуға тиіспіз. Біз қалалық буржуазияны, интеллигенцияны және білімді дворяндықты біріктіруге тиіспіз; дін бостандығы саясатын дұрыс жүзеге асыруға, елдің бүкіл халқының патриоттық бірлігін нығайтуға, сонымен қатар ұлттық-демократиялық біртұтас майданды ұлғайтып, нығайтып отыруға тиіспіз. Біз бейбітшілікті, бірлікті, тәуелсіздікті және демократияны қолдап оты-

рмыз. Олардың өткен уақытта басқа жақпен ынтымақтасуына немесе ынтымақтаспауына қарамастан, оларды өз жағымызға тартып, солармен бірігу үшін күресеміз. Конституция алысып, қолдасулар жүргізу жолымен, теңдік және өзара тиімділік негізінде біз Франциямен қатынастар орнатып, экономикалық және сауда жұмыстарын өркендетеміз, вьетнам және француз халықтары арасында бірлік пен достықты нығайта береміз. Территорияның бүтіндігі мен суверенитетті өзара күрестеу, бір-біріне тиіспеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбітшілікпен қатар өмір сүру жөніндегі бес принциптің негізінде біз Камбоджамен және Лаоспен қатынастар орнатамыз. Біз басқа азиялық елдермен бірлікті нығайтамыз және американдық соғыс саясаты мен Оңтүстік-Шығыс Азиядағы агрессияшыл блокке қарсы, Вьетнамның бірлігін, тәуелсіздігін және демократиясын жүзеге асыру үшін бағытталған күресу мақсатымен бейбітшілік және демократия күштері жағына берік қосыламыз».

«Жаңа жағдай бізден зор жұмыс істеуді талап етеді,—деп мәлімдеген президент Хо Ши Мин.—Біз дұрыс саясат жүргізе отырып, бұл жұмыстың бәрін жүзеге асырамыз. Барлық жұмыс бейбітшілік, бірлік, тәуелсіздік және демократия мүдделеріне бағындырылады».

«Біздің алдымызда,—деп көрсеткен Хо Ши Мин қорытындысында,—көптеген қиыншылықтар мен кедергілер тұрғаны айқын. Бірақ біз бүкіл елдің партиясының, армиясының және халқының бірлескен күресі нәтижесінде бейбітшілік, біртұтас, тәуелсіз және демократиялық жаңа Вьетнамның сөзсіз құрылатынына сенеміз».

Вьетнам Демократиялық Республикасына Ханойды беру туралы мәселе жөнінде

ШАНХАЙ, 23 сентябрь. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына қарағанда, Ханойды Вьетнам Демократиялық Республикасына беру туралы мәселені зерттеп жатқан Вьетнамдағы аралас комиссияның көмекші комиссиясы өзінің мәжілістерінде Ханойдағы төртін пен хауісіздікті қамтамасыз ету проблемаларын талқылаған.

20 сентябрьдегі мәжілісте Вьетнам халық армиясының жоғарғы командование-сінің делегациясы мен француз одағы қарулы күштері жоғарғы командование-сінің делегациялары жоғарыда айтылған мәселе жөнінде пікір алған. Француз одағы қарулы күштері делегациясының басшысы былай деп мәлімдеген: француз жағы Ханой ауданын Вьетнам халық армиясына хауісіздік, тәртіптілік және толық сенім-

ділік жағдайында беруге міндеттенеді. Француз одағының делегациясы қаладан әкелініп барлық мүліктерді қайтаруға және келтірілген зияндардың немесе жо-йылған мүліктердің сомасын төлеуге рес-ми уәде берген.

Француз одағы делегациясының мәлімдемесі бойынша, қоғамдық кәсіпорындар мен мекемелер, қоғамдық өмір үшін қажетті электр станциялар, су тартатын башнялар және басқалары Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметіне толық түзу қалғандық беріледі. Француз делегаты ойран салушылықтар мен халық мүлкін тонаушылыққа, сол сияқты Ханой ауданының халықтарына жасалып отырған мақаралық қылмылдардың бәрине тыйым салу туралы өкілдерге нұсқау беретіндігіне уәде берді.

Француз социалистік партиясындағы алауыздықтар

ПАРИЖ, 22 сентябрь. (СОТА). Батыс депутаттар Макс Лежен мен Пьер Дутрел-

БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясында

22 СЕНТЯБРЬДЕГІ ТАҢЕРТЕҢГІ МӘЖІЛІС

НЬЮ-ЙОРК, 22 сентябрь. (СОТА). Бүгін таңертең БҰҰ Бас Ассамблеясы өзінің жұмысын саяси комитеттің председателін сайлау үшін осы (бірінші) комитетті шақырудан бастады; саяси комитеттің председателі болып Колумбияның өкілі Урру-тия бірауыздан сайланды. Бұдан кейін басқа комитеттердің мәжілістері болды. Мына комитеттердің председателдері де бірауыздан сайланды: арнаулы саяси ко-митет —Торс (Исландия); екінші (эко-номикалық және финан мәселелері жө-ніндегі) комитет —Коплэнд (Австралия); үшінші (әлеуметтік, гуманитарлық және мәдениет мәселелері жөніндегі) комитет —Носек (Чехословакия); төртінші (қамқор-лық жөніндегі) комитет —Аль-Ашар (Сирия).

Бесінші (әкімшілік және бюджет мәсе-лелері жөніндегі) комитеттің председателі болып 46 дауыс алған Тайланд өкілі Са-расан сайланды.

Кубаның өкілі Гарсиа Амарор алтын-шы (право мәселелері жөніндегі) комитет-тің председателі болып бірауыздан сай-ланды.

Бұдан кейін Бас Ассамблеяның пленум мәжілісі болып, онда Ассамблея председа-телінің 7 орынбасары сайланды. Предсе-дательдің орынбасарлары болып: Ан-глия, Бирма, Совет Одағы, Франция, Эк-вадор, АҚШ және гоминдандық сайланды.

Сонымен, Бас Ассамблея құрамында председателі, председателдің жеті орын-басары және комитеттердің жеті предсе-дательі болатын бас комитетті құру жұмы-сын аяқтады.

БҰҰ-НЫҢ БАС КОМИТЕТІНДЕ

НЬЮ-ЙОРК, 23 сентябрь. (СОТА). 22-сентябрьде күндіз Бас Комитет Бас Ассам-блеяның 9-шы сессиясының күн тәртібін бекітуге кірісті.

Бұл мәжілісте Бас Комитет Бас Ассам-блеяда талқылану үшін ұсынылған ең маңызды мәселелерді қарады және оларды осы сессияның күн тәртібіне енгізу тура-лы қарар қабылдады.

Күн тәртібіне мәселе қабылдауды тал-қылаудың барысында жаңа мүшелер алу жөніндегі мәселе туралы ССРО өкілі А. Я. Вышинский сөз сөйлеп, Индо-Қытайдағы саяси мәселелерді Сыртқы істер министр-лерінің Женева кеңесінде қол жеткен же-дісіне сәйкес толық реттелгенге дейін Лаос пен Камбоджаны БҰҰ-ға алу туралы мәселені Бас Ассамблеяның бұл сессия-сында қарамаудың дұрыстығы туралы ұсыныс енгізді. Бұған Франция мен Ав-стралия өкілдері қарсы шықты. Бас Коми-тет көпшілік дауыспен Лаос пен Камбо-джаны БҰҰ-ға мүшелікке алу туралы мә-селені күн тәртібіне енгізді. ССРО мен Чехословакияның өкілдері дауыс беруге қалыс қалды.

Орталық державалардың — Англияның, Францияның, Австралияның өкілдері нә-сілдік қорлаушылықпен ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы мәселеге байла-нысты бірқатар мәселелерді күн тәртібіне енгізуге қарсы шықты. Олар, әсіресе, Ин-донезия өкілі ұсыныған Батыс Иран (жа-

граммалары материалдарды толық меңгеріп білгендігін көрсетті.

Бұдан бір күн бұрын өсімдік шаруашылығы пәнінен емтихан тапсырған осы курстың 126 тыңдаушысының 97 проценттен астамы тек «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаға ие болған-ды. Мұнда Ақмола облысындағы Сталин ауданы Аманкелді атындағы колхоздан келген Сағынай Балтабеков және оның жерлесгері С. Воранбаев, Т. Гусько жолдастар өздерінің теория жүзінде алған білімдерін практикамен ұштастыра білетіндіктерін және жан-жақты терең білім алғандықтарын бірден-ақ көрсетті.

Колхоздар үшін орта білімді басшы кадрлар дайындайтын мектепті бітіретіндердің ішінде Балтабеков, Омаров сияқты оқу оңаттары аз емес. Олар мектепке оқуға түспестен дейін колхозда әртүрлі жұмыстар істеп, мал да баққан, егін де өсірген, есепші, бригадир, звено бастығы болғандар. Ал, бүгін олар белгілі бір мамандық алып, агроном, колхоздың басшы кадрларының бірі болып шыққалы отыр. Солардың бірі—коммунист Степан Михайлович Шипацкий.

—Мен өмірімнің басым көпшілігін колхозда қатардағы колхозшы болып өткіздім,—дейді Степан Михайлович.—Тек соңғы жылдарда ғана Полудень ауданындағы «30 жылдық Қазақстан» колхозында үш жыл есепші, онан кейін колхоздың дала бригадасының бригадирі болып істедім. Бригаданың алдына қойылған міндеттерді абройлы орындап отырды ұйымдастыруда білім мен ұйымдастырушылық қабілеттілігім жетпейтіндігін сезінетін едім. Ал, мектепке оқыған үш жыл ішінде мен агротехникамен, мал шаруашылығындағы оңат тәжірибелермен, ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру әдістерімен және колхоздарда еңбек ұйымдастырудың тамаша

ды басқаруда. Сол сыяқты, кейбіреулері кәзір де колхоз агрономы, бригадирі, звено бастығы тағы басқа да колхоздың түрлі жұмыс саласында істейді. Мәселен, Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Крушская атындағы колхоздың бұрынғы шопаны Социалистік Еңбек Ері Ермек Шайкенов жолдас та осы мектепті бітірген. Ол кәзір өзінің туған колхозында председателі болып істейді. Ал, осы мектепті бітіріп, орта білім алған колхоз председателдері біздің облысымызда да аз емес. Ленин ауданындағы «Словянка» колхозының председателі Совет Одағының Батыры Еринов жолдас та осы мектептен тәрбие алған агроном.

Мұнда оқын білім алған кадрлар өздерін тәрбиелеген мектептерін ақшадан да ұмытпайды. Олар оқытушылар коллективі мен байланыстарын үзбей, жұмыстарында кездескен көпшіліктер мен қол жеткен табыстарын хабарлап, үнемі пікір алғысып отырады.

Мектептің оқытушылар коллективі де жыл сайын жоғары дәрежелі арнаулы білімдері бар маман кадрлармен толықтырылып келеді. Мәселен, тек быылғы жылдың өзінде мұнда Алматының ауылшаруашылық институтын бітірген бірнеше жас агрономдар оқытушы болып келді. Кәзір мектептегі 20 оқытушының 15-нің жоғары дәрежелі білімі бар. Ал, қалған оқытушылар да жоғары оқу орындарында сырттан оқын жүр.

Бұл мектепте үстiмiздегi жылы 352 тыңдаушы болды. Осылардан 126 тыңдаушы мемлекеттік емтиханды тапсырып болуға жуық. Олар жақында республикамыздың колхоздары мен совхоздарына еңбек етуге жіберілді. Ал, үстiмiздегi жана оқу жылына мұнда тағы да 180 тыңдаушы қабылданғалы отыр.

Ж. МҰҚАНОВ.

Қала чемпионы

Жақында «Локомотив» стадионында «Локомотив» және «Энергия» спорт қоғамдарының футболшылары қала кубогін алу үшін финалды ойында кездесті.

Алғашқы минуттардан бастап-ақ қонақтар алаң иелерінің қақпасына шабуыл жасап, хауіп төндіре бастады. Бірақ, теміржолшылардың күшті қорғаныстағы қақпасы, қонақтардың допты өткізуіне мүмкіндік бермеді. Ойын басталғаннан 8 минут өткеннен кейін «Энергия» ерікті спорт қоғамының спортшысы Шишкинге есеп ашуға мүмкіндік туса да, оны орында пайдалана алмады. Оның ұрған добы қақпаның жағынан өтті.

Бұдан кейін алаң иелері шабуылға шықты. «Локомотив» ерікті спорт қоғамының спортшысы Ряхов қонақтар қақпасына доп ұрды. Қатты ұрылған допты ұстап қалуға әрекеттенген энергиялықтардың қақпа қорғаушысы Кондюков сәт-

сіздікке ұшырап, оны өз қақпасына түсіріп алды. Сөйтіп, ойынның бірінші таймы 1:0 есебімен, алаң иелерінің пайдасына аяқталды.

Ойынның екінші жартысында алаң иелері өздерінің басымдылығын орында пайдалана отырып, күшті шабуылға шықты. Екі минут өткеннен кейін олар қонақтардың қақпасына екінші допты өткізді.

Екі команданың арасындағы финалды ойын 3:0 есебімен, «Локомотив» ерікті спорт қоғамы командасының жеңуімен аяқталды. Өткен жылы қала кубогін жеңіп алған энергиялықтар бұл жолы жеңіліп қалды. Сөйтіп, «Локомотив» ерікті спорт қоғамының командасы қалалық физкультура және спорт комитетінің 1954 жылғы ауыспалы кубогін жеңіп алды.

В. ЕКИМОВ.

Елшілігі Иранның сыртқы істер министрілігі ССРО жөніндегі дұшпандық науқанды тоқтатуға тиісті шаралар қолданды және атап айтқанда, Иран өкімет орындарының совет фильмдері жөніндегі кемсітушілік жарлықтарын бұзуға шаралар қолданады деп күтеді.

Иранның сыртқы істер министрі Энтезам мырза ССРО елшісінің бұл мәлімдемесін Иран үкіметіне жеткіземін деп уәде берген.

БРАЗИЛИЯДАҒЫ ТЕРРОР

МОНТЕВИДЕО, 23 сентябрь. (СОТА). Жергілікті баспасөздер былай деп хабарлайды: Бразилия үкіметі жұмысшы табына қарсы қуғынды күшейтуде. Еңбек министрлігі 9 мың трамвай жұмысшыларының жалақыны арттыруға талап еткен ереуілін «заңсыз» деп таныған. Полиция трамвайшылар кәсіподағының жыйналысына шабуыл жасап, 300-ден астам адамды тұтқындаған. 21 сентябрьде Рио-де-Жанейрода трамвай қозғалысы армияның бақылауында болған. Әрбір трамвай жүргізушінің жанына солдаттар қойылған.

МОНТЕВИДЕО, 23 сентябрь. (СОТА). «Ла Маньян» газетінде жарияланған Рио-де-Жанейродан берілген хабарда Бразилияның сот орындарының Престеске және коммунистік партияның басқа 17 басшыларына қарсы процессті қайтадан көтеру туралы бұйрық берген.

«АҚШ-ТА ОРТА ЕСЕППЕН ӘРБІР 13,8 СЕКУНД САЙЫН ІРІ ҚЫЛМЫС ЖАСАЛЫНАДЫ»

ВАШИНГТОН, 23 сентябрь. (СОТА). АҚШ-тың зерттеу федералдық бюросы былай деп хабарлайды: АҚШ-та 1954 жылдың бірінші жартысында жасалған ірі қылмыстардың саны өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда 8,5 процент өскен. Тонаушылықтың саны 20,4 өсті; үйлерді бұзып тонау —13,2 және ұрлық —9 процент өскен.

Хабарда сонымен бірге бұл қылмыстардың салдарынан 6380 адамның өлгендігі және 54 мың адамға шабуыл жасалғандығы атап көрсетілген. Зерттеу федералдық бюросы былай деп мәлімдейді: «АҚШ-та орта есеппен әрбір 13,8 секундта ірі қылмыс жасалынады».

СУДАНДАҒЫ СТИХИЯЛЫҚ АПАТ

КАИР, 23 сентябрь. (СОТА). «Аль-Ах-рам» газеті нөсер жауын-шардан кейін Нил өзенінің тасуы салдарынан болған Судандағы жаңа стихиялық апаттар туралы хабарлайды. Хартумде 319 үйді су ағызып алып кеткен. Мыңдаған адамдар баспанасыз қалған.

Германияны қаруландыруға жасаған отырған француз социалистік партиясы басшылығының сыртқы саясатта ұстаған бағыты бұл партияның бастауыш және департаменттік ұйымдары арасында, сонымен қатар партияның қатардағы мүшелері арасында күшті наразылық тудырып, партияның ішіндегі жағдайды мейлінше шиеленістіруде. Социалистік партияның көптеген департаменттік федерациялары Даниэль Мейерді, Жюль Мокты және Макс Леженді «европалық армия» құруға қарсы шыққаны үшін партиядан шығару туралы басшы комитеттің қарарын айыптаған.

Бүгін «Орор» газеті былай деп жазған: Сомма департаментіндегі социалистік партия федерациясының бірнеше сессиялары қарарлар қабылдап, бұл қарарларда олар ұлттық жыйналыста Париж договорын бекітуге қарсы дауыс берген социалист—

Батыс Германияны қаруландыруға қарсы

ЛОНДОН, 23 сентябрь. (СОТА). Лейбористік партияның жыл сайынғы конференциясы болатын мезгіл жакындаған сайын Англияда Батыс Германияны қаруландыруға қарсы наразылық қозғалысы онан сайын күшейе түсуде. Баспасөздің хабарларына қарағанда, соңғы оқығандардың, атап айтқанда, француз ұлттық жыйналысының европалық қорғаныс бірлестігі дейтін туралы договорды қабылдамай тастауының нәтижесінде бұрын Батыс Германияны қаруландыруды қолдап келген кейбір ұйымдар кәзір өз саясатын өзгерткен. Мысалы, Англияның ең ірі кооператив қоғамдарының бірі — көрнекті арсеналдың кооператив қоғамының саяси комитеті, бұрынғы позициясынан бастартып, лейбористік партияның конференциясына баратын өз делегаттарына Батыс Германияны қаруландыруға қарсы дауыс беріңдер деп тапсырған.

Лейбористік үкметті бұрынғы минис-

«Юманите» газетінің хабарына қарағанда, Дуаре департаментіндегі социалистік партия федерациясының съезі мәлімдеме жариялап, онда парламентке европалық қорғаныс бірлестігін құруға қарсы дауыс берген Орлеан қаласының мәрі социалист—депутат Сезельеге өзінің сенім көрсететінін бірауыздан дәлелдеп берген.

Социалистік партия басшылығының сыртқы саясаттағы бағытына қарсы наразылық ретінде, деп жазуда газеттер, социалистік «Ревю социалист» журналының басшысы Лабрус және бұл журналдың редакциялық комитетінің 7 мүшесі, соның ішінде адам праволары лигасының председатели Эмиль Кан, Франция ұлттық артистерінің құрметті директоры Жорж Буржэн, Сорбоннаның профессорлары Левиг—Брюль, Жольен және Эдуард Перруа өз қызметтерінен шығып кетті.

тр Хью Далтон, жуырда Дарлингсонда болған митингте сөз сөйлеп, лейбористтерді біртұтас майдан болып Батыс Германияны қаруландыруға қарсы шығуға шақырған. Ол герман проблемасын бейбітшілікпен реттеуді қамтамасыз ету үшін төрт ұлы державаның кеңесін шақыруды бағыт қолдаймын деп мәлімдеген. «Бір сәтте біз мұны істей алмадық, бірақ біз бейбітшілікпен реттеуге жету үшін келіссөздерді онан әрі жүргізе беруге тиіспіз».

Соңғы уақытта лейбористік партияның Дарлингсондағы, Дентфордтағы және Уэст—Хэмдегі (Лондон аудандары) ұйымдары, Солтүстік Лондонның машина жасаушылары біріккен кәсіподағының округтік комитеті, қурылыс жұмысшылары біріккен кәсіподағының Лондон советі сияқты ұйымдар және басқалары Батыс Германияны қаруландыруға қарсы қарарлар қабылдаған.

на Гвинейаның батыс бөлігі) туралы мәселені күн тәртібіне енгізуге қарсы сөз сөйлеп, оған қарсы дауыс берді.

Индонезияның ұсынысын жақтап ССРО, Чехословакия, Бирма, Сирия және басқа елдердің өкілдері сөз сөйледі. Бас Комитет көпшілік дауыспен бұл мәселені Бас Ассамблеяның осы сессиясының күн тәртібіне енгізді.

Комитет сонымен бірге Марокка және Тунис мәселелерін енгізу туралы қаулы алды.

Бас Ассамблеяның 9-шы сессиясының жұмысы осы жылдың 10 декабріне аяқталатын болып белгіленді.

Бүгін Бас Комитет сессияның күн тәртібін бекітуді және мәселелерді Бас Ассамблеяның комитеттеріне қарау үшін бөліп, беруді онан әрі жүргізеді.

МИССУРИ ШТАТЫ АБАҚТЫСЫНДАҒЫ КӨТЕРІЛІС

ЛОНДОН, 23 сентябрь. (СОТА). Лондон радиосының хабарына қарағанда, АҚШ-тың Миссури штатындағы абақтыдағы және камераларда жатқан 80 тұтқын камераларынан шығу жолын тапқан және көтеріліс шығарған. Олар басқа тұтқындарды босатқан және бірқатар абақты үйлерін өртеген. Тұтқындар өлген атылатын қаруларды қолға түсірген. Олармен күзетшілердің арасында атыс болған. Бұл атыстың нәтижесінде екі тұтқын өлген және 14 тұтқын жараланған. Тұтқындар күзетшілерден екі адамды қолға түсірген деп хабарлайды. Штат губернаторы көмекке ұлттық гвардияның отрядтарын шақырған. Көпші қалалардан арнаулы полиция әскері бөлімдер келген. Соңғы хабарларға қарағанда, осы уақытқа дейін көтеріс басылмаған.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ГҮЛДІ ӘИЕЛ»

Сеанстар сағат 3, 5, 7, 9 және 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«БІЗ СІЗБЕН БІР ЖЕРДЕ КЕЗДЕСКЕН СЫЯҚТЫМЫЗ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Қалалық электросетке түпкілікті жұмысқа электромонтер-монтажниктер, ағаш шеберлері, шоферлар КЕРЕК.
Адрес: Совет көшесі, 3-үй, қалалық электросеть.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02666

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспахамасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.